

# ИНВЕСТИЦИЈАЛЫҚ ПАЙ ҚОРЫНЫҢ ЕРЕЖЕСІ

## 1. Инвестициялық пай қорының толық және қысқартылған атауы

### 1) Толық атауы

«Standard-Еурооблигациялар» инвестициялық аралық пай қоры

### 2) Қысқартылған атауы

«Standard-Еурооблигациялар» ИАПҚ

## 2. Инвестициялық пай қорының басқарушы компаниясының толық атауы мен орналасқан жері

### 1) Эмитенттің бизнес-сәйкестендіру нөмірі

210540024692

### 2) Толық атауы

"Standard инвестициялық компаниясы" акционерлік қоғамы

### 3) Орналасқан жері

Қазақстан, Алматы қаласы, Медеу ауданы, Даңғылы Достық, үй 38, офис 201 С, пошта индексі 050010

## 3. Инвестициялық пай қоры кастодианының толық атауы мен орналасқан жері, оның құқықтары мен міндеттері

### Кастодианның бизнес-сәйкестендіру нөмірі

950240000112

### 1) Толық атауы

«Еуразиялық банк» акционерлік қоғамы

### 2) Орналасқан жері

Конаев к., 56, Алматы қ., А25Ү5К2, Қазақстан Республикасы

### 3) Құқықтары мен міндеттері

Қор кастодианы міндетті:

- 1) қор пайларын орналастыру және төлеп алу бойынша барлық операциялардың есебін жүргізуге;
- 2) қор активтерімен жасалатын мәмілелердің Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкестігін бақылау, сәйкессіздіктер анықталған жағдайда олар туралы дереу уәкілетті органға, басқарушы компанияға, егер мәміле қор биржасының сауда жүйесінде жасалған болса, осы қор биржасына хабарлауға;
- 3) қор активтерінің есебіне, қозғалысына және құрамына есепті, сондай-ақ одан кейін орналастырған немесе төлеп алған жағдайда пайлардың құнын есептеуді жүзеге асыруға;
- 4) басқарушы компаниямен қор активтерінің құнын, қозғалысын және құрамын мерзім

Бұл құжат ҚР 2003 жылдың 7 қаңтарындағы "Электронды құжат және электронды сандық қол қою" туралы заңның 7 бабы, 1 тармағына сәйкес қағаз бетіндегі заңмен тең.

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года N370-II "Об электронном документе и электронной цифровой подписи" равнозначен документу на бумажном носителе.



сайын, бірақ айына кемінде бір рет салыстырып тексеруге;

5) қор активтеріне есепті жүзеге асыруға және оларды сақтауға кастодиандық шарттын әрекеті тоқтатылған жағдайда жаңа кастодианға қор активтерін және қор бойынша құжаттарды табыстауға;

6) басқарушы компанияның қызметінде байқаған бұзушылықтар туралы уәкілетті органға оларды байқаған сәттен кейінгі келесі күннен кешіктірмей жазбаша түрде хабарлауға;

7) басқарушы компания инвестициялық қоржынды басқару бойынша қызметті жүзеге асыруға лицензиясынан айрылған жағдайда жаңа басқарушыны таңдап алуға немесе қордың қызметін тоқтатуы жүзеге асыруға;

8) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында және кастодиандық шартта көзделген басқа да міндеттерді сақтауға.

Кастодиан құқылы:

1) кастодиандық қызмет көрсетуге арналған шартқа сәйкес басқарушы компаниядан ай сайын өз қызметтері үшін ақы алуға;

2) кастодиандық қызмет көрсетуге арналған шартта көзделген талаптармен және тәртіппен басқарушы компаниямен жасалған шартты бұзуға;

3) қордың қаржы құралдарының есебін жүргізу бойынша шоттарды жүргізуге жұмсаған шығындарын басқарушы компанияның өтеуіне арналған шот-фактураларды ұсынуға;

4) қордың инвестициялық шоттарынан сомаларды шығынға жазуға арналған басқарушы компанияның төлем тапсырмаларын аталған шоттарда осындай төлем тапсырмаларын орындау үшін жеткілікті сомалар болмаған жағдайда орындамауға;

5) кастодиандық қызмет көрсету шартына сәйкес қордың қызметін тоқтатумен байланысты кастодианның шығындарының өтемақысын алуға;

6) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген басқа да құқықтарды пайдалануға.

#### **4. Инвестициялық пай қоры басқарушы компаниясының және кастодианының аудитін жүзеге асыратын аудиторлық ұйымдардың толық атауы**

Қордың басқарушы компаниясының аудитін жүзеге асыратын аудиторлық ұйымдар туралы мәліметтер

аудитордың толық атауы - «Центраудит-Қазақстан» ҰАК» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі аудитордың орналасқан жері - Қазақстан Республикасы, Алматы қ., «Нұрлы Тау» ж.о., Әл-Фараби даңғ., 19, 1 «Б» павильоны, 3-қабат, 301, 302 кеңсе

аудитордың лицензиясы - ҚР Қаржы министрлігінің № 0000017 мемлекеттік лицензиясы, аудиторлық қызметпен айналысу құқығына 1999 жылғы 27 желтоқсандағы сериясы МФЮ

Қор кастодианының аудитін (бұдан әрі – «кастодианның аудиті») жүзеге асыратын аудиторлық ұйымдар туралы мәліметтер

кастодиан аудиторының толық атауы - "КПМГ Аудит" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі аудитордың орналасқан жері - Достық даңғылы, 180, «Көктем» бизнес-орталығы, Алматы қ., 050051, Қазақстан Республикасы

аудитордың лицензиясы - 06.12.2006 ж. аудиторлық қызметпен айналысуға лицензияның № 0000021 сериясы МФЮ-2

#### **5. Инвестициялық декларация**

***1) Инвестициялық қордың басқарушы компаниясының, кастодианы мен аудиторлық ұйымының толық атауы, олардың лицензияларының деректемелері және орналасқан жері***

Бұл құжат ҚР 2003 жылдың 7 қаңтарындағы "Электронды құжат және электронды сандық қол қою" туралы заңның 7 бабы, 1 тармағына сәйкес қағаз бетіндегі заңмен тең.

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года N370-II "Об электронном документе и электронной цифровой подписи" равнозначен документу на бумажном носителе.



Басқарушы компания, қордың кастодианы және басқарушы компанияның қаржылық есептілігінің аудитін жүзеге асыратын аудиторлық ұйымдар туралы мәліметтер

Басқарушы компания:

Толық атауы - «Standard инвестициялық компаниясы» акционерлік қоғамы;

Орналасқан жері - Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Медеу ауданы, «Кең Дала» бизнес-орталығы, Достық даңғылы, 38-үй, 201С кеңсе, пошталық индексі А25D9D1;

Лицензия - Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі 2023 жылғы 16 маусымда берген № 3.2.247/22 ерікті зейнетақы жарналарын тарту құқығынсыз инвестициялық портфельді басқару бойынша қызметті жүзеге асыруға лицензия.

Басқарушы компанияның қаржылық есептілігіне аудит жүргізетін аудиторлық ұйым:

Толық атауы - «Центраудит-Қазақстан» ТАК» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі;

Орналасқан жері - Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Бостандық ауданы, «Нұрлы Тау» бизнес-орталығы, Әл-Фараби даңғ., 19, 1Б корпус, 3-қабат, 301, 302-кеңсе, пошталық индексі А15Е2Т3

Лицензия - ҚР Қаржы министрлігінің 1999 жылғы 27 желтоқсандағы аудиторлық қызметпен айналысу құқығына № 0000017 мемлекеттік лицензиясы, сериясы МФЮ

Қор кастодианы:

Толық атауы - «Еуразиялық банк» акционерлік қоғамы;

Орналасқан жері - Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Медеу ауданы, Қонаев көш., 56, пошталық индексі А25У5К2;

Лицензия - Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі берген 2020 жылғы 3 ақпандағы №1.2.68/242/40 бағалы қағаздар нарығында қызметті жүзеге асыруға лицензия

## **2) Инвестициялық қор активтерін есепке алу және олардың құнын айқындау тәртібі**

Қор активтерінің құнын және пайдың есептік құнын есепке алу және айқындау тәртібі

1. Қор активтерінің, қордың таза активтерінің құнын, қор пайының есептік құнын есепке алу және айқындау Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ұлттық валютада жүргізіледі.

2. Қор активтерін есепке алу және сақтау мақсатында, сондай-ақ қор активтерін инвестициялық басқаруға байланысты операциялар бойынша есеп айырысу үшін басқарушы компания шоттарды инвестициялық басқаруды басқарушы компания жүзеге асыратынын көрсете отырып, қордың кастодиан шоттарын ашады.

3. Қордың басқарушы компаниясы мен кастодианы қор активтері мен меншікті активтерін бөлек есепке алуды, сондай-ақ Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына және Қор қағидаларына сәйкес олар бойынша есептілікті беруді жүзеге асырады. Басқарушы компания қордың таза активтерінің құнын, қор пайының есептік құнын және қор портфеліндегі қаржы құралдары бойынша есептелген инвестициялық кірісті алдыңғы операциялық күн үшін кастодианмен күнделікті салыстыруды жүзеге асырады.

4. Басқарушы компания мен кастодиан қор активтерінің құрылымы мен ағымдағы құны, қор міндеттемелерінің құны, таза активтердің құны, пайдың есептік құны және есептелген инвестициялық кірістің сомасы туралы салыстыру актісін ай сайын қалыптастырады.

5. Инвестициялық қордың активтерін құрайтын және қор биржасының тізіміне кіретін қаржы құралы ол тізіміне кіретін қор биржасының бағалы қағаздарын бағалау әдістемесіне сәйкес нарықтық құны бойынша не Bloomberg (Блумберг) немесе Reuters (Рейтер) ақпараттық-талдау жүйелерінің деректері бойынша не қор биржасы және (немесе) Bloomberg немесе Reuters ақпараттық-талдау жүйелері жариялайтын әділ нарықтық баға болмаған жағдайда Басқарушы компанияның әдістемесіне сәйкес айқындалған есептік (техникалық) баға бойынша бағаланады.

6. Қазақстан Республикасынан басқа өзге де мемлекеттердің заңнамасына сәйкес шығарылған

Бұл құжат ҚР 2003 жылдың 7 қаңтарындағы "Электронды құжат және электронды сандық қол қою" туралы заңның 7 бабы, 1 тармағына сәйкес қағаз бетіндегі заңмен тең.

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года N370-II "Об электронном документе и электронной цифровой подписи" равнозначен документу на бумажном носителе.



қаржы құралдары Bloomberg (Блумберг) немесе Reuters (Рейтер) ақпараттық-талдау жүйелерінің деректері бойынша бағалау жүргізілетін сауда күнін жабу бағасы бойынша жұмыс күнінің соңына бағаланады.

7. Қордың құны шетел валютасымен көрсетілген активтерін бағалау инвестициялық қор активтерінің құнын айқындау күні валюталар бағамы бойынша жүзеге асырылады.

8. Қордың таза активтерінің құны оның активтерінің құны мен қор активтері есебінен төленуге жататын міндеттемелердің арасындағы айырма ретінде айқындалады. Инвестициялық пай қоры пайының есепті құны мұндай қордың таза активтерінің құнын айқындау күніне осы құнды инвестициялық пай қорының пайларын ұстаушылардың тізілімі жүйесін жүргізуді жүзеге асыратын орталық депозитарийдің деректеріне сай сол күнге айналыста болатын пайлар санына бөлу арқылы айқындалады.

9. Қор активтерінің ең аз мөлшері 50 000,00 (елу мың) АҚШ доллары.

### **3) Инвестициялық қордың активтері есебінен төленуге жататын, басқарушы компанияға, кастодиан мен өзге де тұлғаларға төленетін шығыстар мен сыйақылардың түрлері, оларды айқындау тәртібі және олардың ең жоғары мөлшерлері**

1. Басқарушы компанияға комиссиялық сыйақы сенімгерлік басқару шартында айқындалған тәртіппен қор активтері есебінен төленеді.

2. Қор активтері есебінен кастодианға, орталық депозитарийге және қор аудиторына, кастодиандық қызмет көрсетуге, пай ұстаушылардың тізілімін жүргізуге және аудиторлық қызметтер көрсетуге арналған шарттарға сәйкес комиссиялық сыйақы төленеді.

3. Кастодианға, орталық депозитарийге және аудиторға сыйақылар тиісті шарттарда айқындалған тәртіппен және талаптарда төленеді. Аталған адамдарға сыйақының жиынтық көлемі қордың таза активтерінің орташа жылдық құнының 1,5%-нан (бір бүтін оннан бес пайызын) астамын құрай алмайды.

4. Қор активтері есебінен қорды инвестициялық басқаруға байланысты шығыстар өтеледі, оның ішінде:

1) қор активтерімен мәмілелер жасауға;

2) қор активтерін ұстауға байланысты шығыстар;

3) заң қызметтеріне ақы төлеуге, сондай-ақ қор атынан сот талқылауларына байланысты шеккен шығыстар;

4) қор құрамына кіретін активтерді тиісті сақтандыру бойынша және қор құрамына кіретін активтермен операциялар бойынша сомаларды төлеуге;

5) қор активтеріне салық салынуы мүмкін немесе қор активтері есебінен төленуі мүмкін салықтар немесе болашақта Қазақстан Республикасының салық заңнамасы өзгерген кезде туындауы мүмкін кез келген басқа салықтар;

6) кастодианға активтерге қатысты пошта хат-хабарын жеткізуге байланысты шығыстар;

7) Қазақстан Республикасының заңнамасына және Қор қағидаларына сәйкес қор туралы ақпаратты жария етуге байланысты шығыстар;

8) баспа жұмыстары мен жарнамалық қызметтердің құнын өтеуге байланысты шығыстар;

9) қордың банк шотын жүргізу шарты бойынша банк комиссиясына ақы төлеуге байланысты шығыстар;

10) басқарушы компания агенттерінің пайларды орналастыру бойынша қызметтеріне ақы төлеуге байланысты шығыстар (олар болған кезде);

11) үшінші тұлғалардың қордың жұмыс істеуіне байланысты өзге де шығыстар мен ақпараттық қызметтері.

5. Қордың жұмыс істеуін қамтамасыз етуге байланысты және оның активтері есебінен өтелетін басқарушы компания шығыстарының ең жоғары мөлшері қордың жұмыс істеуін тоқтатуға



байланысты шығыстарды қоспағанда, қор активтерін сату нәтижесінде алынған ақша сомасының 5%-нан (бес пайыз) аспайтын таза активтердің орташа жылдық құнының жылына 1,5%-нан (бір бүтін оннан бес пайыз) аспайды. Шығыстардың мөлшері (қорды тоқтатуға байланысты шығыстарды қоспағанда) олармен жасалған шарттарға және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес қордың жұмыс істеуін қамтамасыз ететін адамдар алатын салық мөлшерлемелерінің ұлғаюына және комиссиялардың ұлғаюына байланысты ұлғайтылуы мүмкін.

6. Инвестициялық пай қорының пайларын бастапқы орналастыру кезеңінде басқарушы компанияға сыйақы есептеледі, бірақ төленбейді

7. Қордың жұмыс істеуін қамтамасыз етуге байланысты осы кезеңнің сыйақылары мен шығыстарын төлеу, оның ішінде кастодиан мен орталық депозитарий көрсететін қызметке ақы төлеу басқарушы компанияның өз қаражаты есебінен оның шығындары кейіннен инвестициялық пай қоры активтері есебінен өтеле отырып жүзеге асырылады.

8. Қордың жұмыс істеуі бастапқы орналастыру мерзімі аяқталғанға дейін немесе оның таза активтерінің құны пайларды бастапқы орналастыру аяқталғаннан кейін қор активтерінің ең төменгі мөлшеріне сәйкес келмегендіктен тоқтатылған жағдайларда, басқарушы компания қордың пайларын бастапқы орналастыру кезеңінде жұмсалған шығындарды өтеу бойынша залал тәуекелін мойнына алады.

9. Сыйақылар мен шығыстарды аударуды қордың кастодианы басқарушы компанияның бұйрығы бойынша жүзеге асырады. Қордың кастодианы көрсетілген сомалардың дұрыс есептелуін бақылауды жүзеге асырады.

#### **4) Таза кірісті бөлу тәртібі және дивидендтер төлеуге жіберілетін ақшаның ең төмен мөлшерін қоса алғанда, дивидендтік саясат**

1. Қор қордың пай ұстаушыларына жылына төрт рет қордың таза активтері құнының 1,25%-ы (бір бүтін жүзден жиырма бес пайызы) мөлшерінде дивидендтер төлеуді жүзеге асырады. Дивидендтерді төлеудің басталатын күндері 20 ақпан, 20 мамыр, 20 тамыз, 20 қараша болып табылады.

2. Дивидендтерді төлеу пайдың номиналды құнының валютасында жүзеге асырылады.

3. Дивидендтерді төлеу дивидендтер алуға құқығы бар пай ұстаушылардың тізілімі тіркелген күннен бастап 20 (жиырма) жұмыс күні ішінде жүзеге асырылады.

4. Дивидендтер төлеу күнінің алдындағы күн дивидендтер алуға құқығы бар пай ұстаушылардың тізілімін тіркеу күні болып табылады. Қордың дивидендтер алуға құқығы бар пайларын ұстаушылардың тізілімі тіркелген күні 23 сағат 59 минут 00 секундтағы жағдай бойынша қордың пайларына иелік еткен қордың пайларын ұстаушылардың дивидендтер алуға құқығы бар.

5. Қордың пайларына дивидендтерді қайта инвестициялауға пай ұстаушыдан жазбаша өтініш болған жағдайда, Басқарушы компания дивидендтерді әрбір төлеген кезде пай ұстаушының салықтық ұстап қалуын шегергендегі төлеуге берілетін дивидендтің сомасын қайта инвестициялайды және Пайды пай ұстаушының өтініште көрсетілген дербес шотына/қосалқы шотына есептейді. Қайта инвестициялау кезіндегі пайдың құны бір пайға есептелген дивидендтің сомасын шегергендегі дивидендтер төленетін күннің алдындағы күнтізбелік күннің соңында айқындалады.

6. Дивидендтерді төлеу пай ұстаушылардың шоттарына мынадай тәртіппен жүзеге асырылады:

1) пай ұстаушының «ИК Standard» АҚ-мен Брокерлік қызметтер және номиналды ұстау қызметтерін көрсету туралы шарт шеңберінде оған ашылған жеке шотына;

2) бағалы қағаздар бойынша кірістерді есептеу үшін бағалы қағаздарды ұстаушылар туралы ақпаратты қамтитын орталық депозитарийдің есепті нысанына сәйкес банктік деректемелер;



- 3) осы тармақтың 1), 2) тармақшалары бойынша банктік деректемелер болмаған жағдайда - төлемді жүзеге асыру үшін банктік деректемелер туралы жазбаша хабарлама жіберу арқылы пай ұстаушы ұсынған банктік деректемелер;
- 4) осы тармақтың 1), 2), 3) тармақшаларына сәйкес пай ұстаушының банктік деректемелері туралы ақпарат болмаған жағдайда басқарушы компанияның есебінде жетілмеген төлем сомасына қордың кредиторлық берешегі туралы жазба жүзеге асырылады.
7. Дивидендтерді есептеу және төлеу қордың таза активтерінің құны Қазақстан Республикасының заңнамасында және уәкілетті органның актілерінде белгіленген ең төменгі талап етілетін деңгейден төмен төмендеген кезеңде жүргізілмейді.
8. Дивидендтерді есептеу және төлеу қор қызметін тоқтату туралы шешім қабылданғаннан кейін тоқтатылады.

#### **5) Инвестициялық қордың инвестициялық саясаты мақсаттарының, міндеттерінің сипаттамасы**

1. «Standard-Еурооблигациялар» аралық инвестициялық пай қоры «Инвестициялық және венчурлік қорлар туралы» Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес инвестициялау қоры болып табылады.
2. Басқарушы компания «Инвестициялық және венчурлік қорлар туралы» заңнамада, уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерінде, сенімгерлік басқару шартында, инвестициялық декларацияда және қордың келісілген Қағидаларында белгіленген талаптарға сәйкес іс-қимыл жасау арқылы қордың пайларын ұстаушылардың мүддесі үшін қорды сенімгерлік басқаруды жүзеге асырады
3. Қордың инвестициялық саясатының мақсаты тәуекелдің орташа деңгейінде және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында, уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерінде, инвестициялық декларацияда және қордың инвестициялаудың шектеулері мен лимиттерінің келісілген қағидаларында белгіленген талаптарды сақтау кезінде қордың пайларын ұстаушылар үшін инвестициялық кіріс алуды қамтамасыз ету болып табылады. Инвестициялық кіріс көздері қор активтерінің құрамындағы қаржы құралдары құнының өсімінен түсетін кіріс және дивидендтер, пайыздық төлемдер және басқа да бөлулер нысанындағы қор активтерінің құрамындағы қаржы құралдары бойынша кіріс болып табылады.
4. Көрсетілген мақсатқа қол жеткізу үшін мыналар:
  - 1) күтілетін кірістілік пен тәуекелдің оңтайлы арақатынасын қамтамасыз ететін қор активтерінің оңтайлы құрылымын қолдау үшін инвестициялау лимиттерін белгілеу;
  - 2) эмитенттер мен қаржы құралдарының жүйесіз ерекшелікті тәуекелдерін, сондай-ақ елдік және салалық тәуекелдерді азайту үшін қор активтерін әртараптандыру;
  - 3) қор активтерін инвестициялау үшін эмитенттер мен қаржы құралдарын талдау және іріктеу;
  - 4) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына және қордың инвестициялық декларациясына сәйкес, сондай-ақ инвестициялаудың белгіленген лимиттеріне сәйкес қаржы құралдарымен мәмілелер жасау арқылы қор активтерін инвестициялау;
  - 5) инвестициялық қызмет нәтижелерін бағалау, инвестициялық шешімдер қабылдау кезінде кейіннен пайдалану үшін инвестициялық қызмет нәтижелері бойынша есептілікті қалыптастыру;
  - 6) Басқарушы компанияның тәуекелдерді басқару жөніндегі саясатына сәйкес тәуекелдерді басқару жүйесінің болуы және жұмыс істеуі;
  - 7) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында, қордың инвестициялық декларациясында және қорды инвестициялық басқару үдерісінде Қордың басқарушы компаниясында инвестициялаудың белгіленген лимиттерінің бұзылуын болдырмау және жою үшін бақылау және шаралар қабылдау;

Бұл құжат ҚР 2003 жылдың 7 қаңтарындағы "Электронды құжат және электронды сандық қол қою" туралы заңның 7 бабы, 1 тармағына сәйкес қағаз бетіндегі заңмен тең.

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года N370-II "Об электронном документе и электронной цифровой подписи" равнозначен документу на бумажном носителе.



- 8) эмитенттердің қаржылық жағдайын және қор активтерінің құрамындағы қаржы құралдарының нарықтық құнының серпінін мониторингтеу.
- 9) өтімділікті басқару үшін қордың ақша ағындарын талдау және болжау қордың инвестициялық саясатының міндеттері болып табылады.

**б) Инвестициялық қордың инвестициялау объектілерінің тізбесі, мәміле түрлері, инвестициялаудың шарттары мен лимиттері**

1. Қордың басқарушы компаниясы Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында, уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерінде, инвестициялық декларацияда және қорды инвестициялық басқару үдерісінде Қордың басқарушы компаниясында белгіленген инвестициялау лимиттерін сақтай отырып қор активтерін инвестициялауды жүзеге асырады.

2. Қор қаражатын инвестициялау объектілері қаржы құралдары болып табылады. Қордың қаражаты Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына және уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес «қаржы құралдары» терминіне сәйкес келетін қаржы құралдарына инвестициялануы мүмкін.

1-кесте. Инвестициялаудың тиісті лимиттері бар инвестициялау объектілерінің тізбесі:

№ / Инвестициялау объектілерінің атауы / Инвестициялау лимиті, Қордың таза активтері құнының пайыздарымен

1) Ұлттық валютадағы ақша қаражаты - теңге (KZT) - шектеулерсіз

2) Standard & Poor' s агенттігінің халықаралық шкаласы бойынша «BBB»-ден төмен емес тәуелсіз рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар елдердің шетел валютасындағы ақша қаражаты - 0 - 100%

3) Мынадай талаптардың біріне сәйкес келетін Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктеріндегі салымдар:

банктердің Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шкаласы бойынша «B-»-тен төмен емес ұзақ мерзімді кредиттік рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингтік бағасы немесе Standard & Poor's ұлттық шкаласы бойынша «kzBB-»-тен төмен емес рейтингтік бағасы немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің ұлттық шкаласы бойынша осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар;

банктер бейрезидент-бас банкте Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шкаласы бойынша «A-»-тен төмен емес ұзақ мерзімді кредиттік рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингтік бағасы бар резиденттер-еншілес банктер болып табылады - 0 - 100%

4) бейрезиденттер-банктердегі, Standard & Poor's агенттігінің «A-»-тен төмен емес ұзақ мерзімді кредиттік рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингтік бағасы бар салымдар - 0 - 30%

5) Қазақстан Республикасының (оның ішінде шет мемлекеттердің заңнамаларына сәйкес эмиссияланғандарды) Қаржы министрлігі және Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі шығарған Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздары, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Үкіметінің кепілдігімен шығарылған бағалы қағаздар - 0 - 100%

6) Қазақстан Республикасының жергілікті атқарушы органдары шығарған, қор биржасының ресми тізіміне енгізілген және «Астана» халықаралық қаржы орталығының аумағында жұмыс істейтін қор биржасындағы жария сауда-саттыққа жіберілген облигациялар - 0 - 50%

7) «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамы және оның еншілес ұйымдары шығарған борыштық бағалы қағаздар - 0-30%

8) Қазақстан Республикасының ұйымдары Қазақстан Республикасының немесе шет мемлекеттердің заңнамасына сәйкес шығарған, Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шкаласы бойынша «B-»-тен төмен емес рейтингтік бағасы немесе басқа рейтингтік



агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингтік бағасы немесе Standard & Poor's ұлттық шкаласы бойынша «kzBB»-тен төмен емес рейтингтік бағасы немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің ұлттық шкаласы бойынша осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар мемлекеттік емес борыштық бағалы қағаздар немесе қор биржасының ресми тізіміне енгізілген, қор биржасының ресми тізімінің «борыштық бағалы қағаздар» секторының талаптарына сәйкес келетін борыштық бағалы қағаздар және (немесе) шетел валютасында номиналданған және «Астана» халықаралық қаржы орталығының аумағында жұмыс істейтін қор биржасындағы жария сауда-саттыққа жіберілген борыштық бағалы қағаздар - 0 - 100%

9) Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шкаласы бойынша «BBB»-тен төмен емес тәуелсіз рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осындай деңгейдегі рейтингі бар шет мемлекеттердің орталық үкіметтері шығарған, мемлекеттік мәртебесі бар бағалы қағаздар - 0 - 50%

10) Мынадай халықаралық қаржы ұйымдары шығарған бағалы қағаздар:

Азиялық даму банкі;

Африкалық даму банкі;

Халықаралық есеп айырысу банкі;

Еуразия даму банкі;

Еуропа инвестициялық банкі;

Еуропа қайта құру және даму банкі;

Ислам даму банкі;

Америкааралық даму банкі;

Халықаралық қайта құру және даму банкі;

Халықаралық қаржы корпорациясы - 0 - 50%

11) Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шкаласы бойынша «BB»-тен төмен емес рейтингтік бағасы немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осындай деңгейдегі рейтингі бар шетелдік ұйымдар шығарған мемлекеттік емес борыштық қағаздар және (немесе) Қазақстан Республикасының аумағында жұмыс істейтін қор биржасы танытын шет мемлекеттің аумағында жұмыс істейтін қор биржасының тізіміне енгізілген борыштық бағалы қағаздар - 0 - 100%

12) «Бағалы қағаздар рыногы туралы» 2003 жылғы 2 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 22-1-бабының 3-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының резиденттері деп танылатын шетелдік ұйымдар шығарған, Қазақстан Республикасының аумағында жұмыс істейтін қор биржасының ресми тізіміне енгізілген мемлекеттік емес борыштық бағалы қағаздар - 0 - 50%

13) Қазақстан Республикасының ұйымдары Қазақстан Республикасының немесе шет мемлекеттердің заңнамасына сәйкес шығарған, Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шкаласы бойынша «B»-тен төмен емес рейтингтік бағасы немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингтік бағасы немесе Standard & Poor's ұлттық шкаласы бойынша «kzBB»-тен төмен емес рейтингтік бағасы немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің ұлттық шкаласы бойынша осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар үлестік бағалы қағаздар (оның ішінде депозитарлық қолхаттар) және (немесе) қор биржасының ресми тізіміне енгізілген, қор биржасының ресми тізімінің «акциялар» секторының талаптарына сәйкес келетін акциялар және (немесе) «Астана» халықаралық қаржы орталығының аумағында жұмыс істейтін қор биржасындағы жария сауда-саттыққа жіберілген эмитенттердің акциялары - 0 - 50%

14) шетелдік ұйымдар шығарған, Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шкаласы бойынша «BB»-тен төмен емес рейтингтік бағасы немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингтік бағасы бар үлестік бағалы қағаздар (оның ішінде депозитарлық қолхаттар) және (немесе) Қазақстан Республикасының аумағында жұмыс істейтін қор биржасы





танитын шет мемлекеттің аумағында жұмыс істейтін қор биржасының ресми тізіміне енгізілген акциялар - 0 - 30%

15) ұйымдар шығарған, Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шкаласы бойынша «А-»-тен төмен емес рейтингтік бағасы немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингтік бағасы бар, мынадай талаптарға сәйкес келетін Principal protected notes: айналыс мерзімі бес жылдан аспайды;

principal protected notes шығарылым талаптарымен қандай да бір мемлекеттің, эмитенттің өз міндеттемелері бойынша дефолт жағдайы көзделмеген - 0 - 30%.

16) активтерінің құрылымы негізгі қор индекстерінің бірінің құрылымын қайталайтын немесе олардың пайлары бойынша баға белгілеу негізгі қор индекстеріне байланыстырылған Exchange Traded Funds (ETF) (Эксчейндж Трэдэд Фандс) пайлары - 0 - 30%.

17) Лондон бағалы металдар нарығының қауымдастығы (London bullion market association) қабылдаған халықаралық сапа стандартына сәйкес келетін және осы қауымдастықтың құжаттарында Лондондық сапалы жеткізілім (London good delivery) стандарты ретінде белгіленген тазартылған қымбат металдар мен он екі айдан аспайтын мерзімі бар металл депозиттері, оның ішінде Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шкаласы бойынша «А-»-тен төмен емес рейтингтік бағасы бар немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингтік бағасы бар Қазақстан Республикасының бейрезидент банктеріндегі металл депозиттер - 0 - 20%

18) Базалық активі қор активтерінің құрамына кіретін қаржы құралдары, шетел валютасы, сондай-ақ мынадай есепті көрсеткіштер (индекстер) болып табылатын, хеджирлеу мақсатында жасалған туынды қаржы құралдары (фьючерстер, опциондар, своптар, форвардтар):

AIX (Astana International Exchange)

CAC 40 (Compagnie des Agents de Change 40 Index)

DAX (Deutscher Aktienindex)

DJIA (Dow Jones Industrial Average)

EURO STOXX 50 (EURO STOXX 50 Price Index)

FTSE 100 (Financial Times Stock Exchange 100 Index)

HSI (Hang Seng Index)

KASE (Kazakhstan Stock Exchange Index)

MSCI World Index (Morgan Stanley Capital International World Index);

MOEX Russia (Moscow Exchange Russia Index)

NIKKEI 225 (Nikkei-225 Stock Average Index)

RTSI (Russian Trade System Index)

S&P 500 (Standard and Poor's 500 Index)

TOPIX 100 (Tokyo Stock Price 100 Index)

NASDAQ-100 (Nasdaq-100 Index) - хеджирлеуге жататын негізгі активке немесе хеджирлеуге жататын валюталық позицияға - 0 - 100% инвестициялық лимитке сәйкес келеді

19) Morningstar (Морнингстар) рейтингтік агенттігінің «3 жұлдыздан» төмен емес рейтингтік бағасы бар Exchange Traded Funds (ETF) (Эксчейндж Трэдэд Фандс), Exchange Traded Commodities (ETC) (Эксчейндж Трэдэд Коммодитис), Exchange Traded Notes (ETN) (Эксчейндж Трэдэд Ноутс) пайлары - 0 - 30%

3. Тартылған қаражат есебінен Қор активтерінің құрамына қаржы құралдарын сатып алуға жол беріледі. Қаржыландыруды тарту көздері ретінде «тікелей РЕПО» операциялары ұйымдастырылған нарықта «автоматты» және «тікелей» тәсілмен пайдаланылуы мүмкін.

4. Қор активтері есебінен жасалатын мәмілелер басқарушы компанияның Инвестициялық комитеті қабылдайтын инвестициялық шешімдер негізінде жасалады.

5. Қор активтері есебінен жасалатын мәмілелер мен операциялардың түрлері:

1) ұйымдастырылған нарықта қаржы құралдарын сатып алу / сату;



- 2) ұйымдастырылмаған нарықта қаржы құралдарын сатып алу / сату;
  - 3) бағалы қағаздарды аудару және айырбастау;
  - 4) шетел валютасын сатып алу / сату;
  - 5) ұйымдастырылған нарықта қаражатты «кері РЕПО» операциялары арқылы «автоматты» және «тікелей» тәсілмен орналастыру;
  - 6) ұйымдастырылған нарықта қаражатты «тікелей РЕПО» операциялары арқылы «автоматты» және «тікелей» тәсілмен тарту;
  - 7) банктердегі салымдардан ақша қаражатын орналастыру және алу;
  - 8) туынды қаржы құралдарымен жасалатын мәмілелер.
6. Қор активтері есебінен жасалатын мәмілелерді жасау талаптары «Инвестициялық және венчурлік қорлар туралы» заңнамада, уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерінде, сенімгерлік басқару шартында, инвестициялық декларацияда және қордың келісілген қағидаларында белгіленген талаптарға қайшы келмеуге тиіс, оның ішінде, бірақ олармен шектелмей:
- 1) нарық типі бойынша талаптар;
  - 2) мәміле бойынша қарсы әріптеске қойылатын талаптар;
  - 3) нарықта айла-шарғы жасауға қарсы іс-қимыл бойынша талаптар.

### **7) Инвестициялық қор активтерін хеджирлеу және әртараптандыру шарттары**

1. Қор портфелінің инвестициялық тәуекелдерін бақылау және басқару мақсатында басқарушы компания хеджирлеу үшін тәуекелдерді басқару жөніндегі саясатқа сәйкес базалық активі қор активтерінің құрамына кіретін қаржы құралдары болып табылатын туынды қаржы құралдарын (фьючерстер, опциондар, своптар, форвардтар) пайдалана алады.

опцион - оған сәйкес бір тарап (опцион сатушысы) екінші тарапқа (опционды сатып алушы) болашақта келісілген жағдайларда пәтуаласқан баға бойынша базалық актив сатып алу немесе сату құқығын сататын туынды қаржы құралы. Опционды сатушы өзіне міндеттемелер алады, ал сатып алушы құқыққа ие болады;

своп - оған сәйкес тараптар келісілген шарттармен базалық активтер немесе болашақтағы базалық активтер бойынша төлемдерді айырбастау жөнінде пәтуаласатын туынды қаржы құралы;

форвард - сатып алушы (немесе сатушы) болашақта келісілген шарттарда базалық активті сатып алудың (немесе сатудың) белгіленген мерзімі өткеннен кейін міндеттемені өзіне алатын туынды қаржы құралы.

фьючерс — сатып алушы (немесе сатушы) ұйымдастырылған нарықта белгіленген стандартты шарттарға сәйкес базалық активті сатып алудың (немесе сатудың) белгіленген мерзімі өткеннен кейін міндеттемені өзіне алатын тек ұйымдастырылған нарықта айналымға түсетін туынды қаржы құралы.

2. Тәуекелдерді хеджирлеу мақсатында қор активтері есебінен жасалатын мәмілелер басқарушы компанияның Инвестициялық комитеті қабылдайтын инвестициялық шешімдер негізінде жасалады.

Тәуекелдерді хеджирлеу мақсатында мәмілелер жасау туралы шешімдер хеджирлеуге шығыстарды және тәуекелдерді азайтудың күтілетін әсерін ескере отырып, экономикалық орындылығына байланысты қабылданады.

Хеджирлеу құралдарын, мәмілелер бағытын (сатып алу/сату, «ұзақ»/«қысқа» позиция), құралдар санын, баға деңгейлерін және хеджирлеу деңгейін (мерзімін) таңдау Басқарушы компанияның тәуекелдерді басқару жөніндегі саясатына сәйкес жүзеге асырылады.

3. Қор активтерін әртараптандырудың мақсаты эмитенттер мен қаржы құралдарының жүйесіз ерекше тәуекелдерін, сондай-ақ елдік және салалық тәуекелдерді азайту болып табылады.



4. Қор активтерін әртараптандыру инвестициялау лимиттерінің сақталуын белгілеу мен бақылаудан тұрады, оның ішінде:

- 1) қаржы құралдарының сыныптары (түрлері) бойынша;
- 2) елдер (өңірлер) бойынша;
- 3) экономика салалары (секторлары) бойынша;
- 4) бір адам және оның үлестес адамдары шығарған (ұсынған) қаржы құралдарына инвестициялардың жиынтық мөлшері бойынша;
- 5) валюталар бойынша.

5. Басқарушы компания белгілеген инвестициялау лимиттері Қазақстан Республикасының заңнамасында, «Инвестициялық және венчурлік қорлар туралы» Заңда, уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерінде және осы Инвестициялық декларацияда белгіленген талаптарға қайшы келмеуге тиіс.

#### **8) Инвестициялық декларацияда айқындалған объектілерге инвестициялауға байланысты тәуекелдер сипаттамасы, сондай-ақ оларды азайтуға бағытталған іс-шаралар**

1. Осы Инвестициялық декларацияда айқындалған объектілерге қор активтерін инвестициялауға байланысты тәуекелдер:

- 1) нарықтық тәуекел - қор активтерінің құрамындағы не қор активтерінің құрамына сатып алуға жоспарланатын қаржы құралдарының нарықтық құнының жағымсыз өзгеруі тәуекелі;
- 2) пайыздық тәуекел - нарықтық пайыздық мөлшерлемелердің (нарықтық тәуекелдің кіші түрі) жағымсыз өзгеруі салдарынан қаржы құралдарының нарықтық құнының жағымсыз өзгеруі тәуекелі;
- 3) валюта тәуекелі - пайдың номиналды құны (нарықтық тәуекелдің кіші түрі) көрсетілген валютаға қатысты валюта бағамдарының жағымсыз өзгеруі салдарынан пайдың номиналды құны көрсетілген валютадағы қаржы құралдары құнының жағымсыз өзгеруі тәуекелі;
- 4) өтімділік тәуекелі - құнды елеулі жоғалтпай қор активтерінің құрамына (құрамынан) қаржы құралдарын сатып алу немесе өткізу мүмкін еместігі;
- 5) кредиттік тәуекел (дефолт тәуекелі) - эмитенттің қабылданған қаржылық міндеттемелерді орындамауы тәуекелі, бұл эмитенттің қаржы құралдарының құнсыздануына әкеп соғуы мүмкін не қарсы әріптестің мәміле бойынша міндеттемелерді орындамауы тәуекелі.
- 6) елдің (трансферт) тәуекелі - шетелдік инвестицияларды және өзге де трансшекаралық операцияларды, яғни шет мемлекеттің резиденттері болып табылатын қарсы агенттердің/эмитенттердің қатысуын көздейтін операцияларды жүзеге асыру кезінде шет мемлекеттердегі экономикалық, әлеуметтік және саяси жағдайлар мен оқиғалардың өзгеруі салдарынан Компанияда шығындардың туындау қаупі.

2. Осы Инвестициялық декларацияда айқындалған объектілерге қор активтерін инвестициялауға байланысты тәуекелдерді азайтуға бағытталған іс-шараларда мыналар:

- 1) Басқарушы компанияның тәуекелдерін басқару жөніндегі саясатқа сәйкес тәуекелдерді басқару жүйесінің болуы және жұмыс істеуі;
- 2) эмитенттер мен қаржы құралдарының жүйесіз ерекшелікті тәуекелдерін, сондай-ақ елдік және салалық тәуекелдерді азайту үшін қор активтерін әртараптандыру;
- 3) күтілетін кірістілік пен тәуекелдің оңтайлы арақатынасын қамтамасыз ететін қор активтерінің оңтайлы құрылымын қолдау үшін инвестициялау лимиттерін белгілеу;
- 4) қор активтерінің құрамына сатып алынған қаржы құралдары бойынша "stop-loss" және "take-profit" лимиттерін белгілеу;
- 5) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында, қордың инвестициялық декларациясында және қорды инвестициялық басқару үдерісінде қордың басқарушы компаниясында инвестициялаудың белгіленген лимиттерінің бұзылуын болдырмау және жою



үшін бақылау және шаралар қабылдау;

6) басқарушы компанияның тәуекелдерді басқару жөніндегі саясатына сәйкес қор портфелінің инвестициялық тәуекелдерін хеджирлеу;

7) басқарушы компанияның тәуекелдерді басқару жөніндегі саясатына сәйкес тәуекелдерді басқару жүйесінде көзделген тәуекелдерді азайтуға бағытталған өзге де іс-шаралар қамтылады.

## **9) Инвестициялық саясат бойынша шектеулер**

1. Басқарушы компанияның өзі басқаратын қорға қатысты:

1) нәтижесінде Қазақстан Республикасының заңнамасында, уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерінде және (немесе) Қор қағидаларында (оның ішінде Қор қағидаларының ажырамас бөлігі болып табылатын осы инвестициялық декларацияда) белгіленген талаптар бұзылатын мәмілелер жасауға;

2) қор активтерін өтеусіз иеліктен шығару жөнінде инвестициялық шешімдер қабылдауға;

3) қордың активтерін өз міндеттемелерін немесе үшінші тұлғалардың осы инвестициялық қордың активтерін басқару жөніндегі қызметімен байланысты емес міндеттемелерін орындауды қамтамасыз ету үшін пайдалануға;

4) қор биржасының сауда жүйесінде ашық сауда-саттық әдісімен жасалған мәмілелерді қоспағанда, өзіне тиесілі активтерді қор активтерінің құрамына сатуға (беруге);

5) активтерді кредитке сатуға;

6) қор активтерінің есебінен қайтарылуға жататын ақшаны немесе өзге де мүлікті қарыз шарттарының талаптарымен алуға;

7) Қор қағидаларына (оның ішінде осы инвестициялық декларацияда және Қор қағидаларының ажырамас бөлігі болып табылатын сенімгерлік басқару шартына) сәйкес шығыстарды өтеу мен сыйақы алу, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалған шарттарды сақтай отырып, басқарушы компания қордың пайларын сатып алу үшін пайдаланған ақша сомасын өтеу жағдайларын қоспағанда, қордың активтерін сатып алуға;

8) өзі басқаратын басқа инвестициялық қордың активтерін қор активтерінің құрамына сатып алуға;

9) қор биржасының сауда жүйесінде ашық сауда-саттық әдісімен жасалған мәмілелерді қоспағанда, қордың активтері есебінен басқарушы компанияның үлестес тұлғаларынан инвестициялау объектілерін сатып алуға не оларға осы компанияның басқаруындағы инвестициялық қордың активтерін сатуға құқылы емес.

2. Басқарушы компания қор активтерін басқару процесінде мыналарды болжайтын инвестициялық шешімдерді қабылдамайды:

1) тарату процесіндегі эмитенттердің бағалы қағаздарын қордың активтері есебінен сатып алуды;

2) қордың активтеріне қатысты мәміле жасау кезінде төлемді күнтізбелік 30 (отыз) күннен астам мерзімге кейінге қалдыруды немесе бөліп төлеуді;

3) эмитентте дефолт болған (эмитенттің бағалы қағаздарын және басқа міндеттемелерін эмитенттің міндеттемелерін қайта құрылымдау мақсатында шығарылған осы эмитенттің бағалы қағаздарына айырбастауды қоспағанда) не қор биржасы сауда-саттықты тоқтатқан қордың активтері есебінен қаржы құралдарын сатып алу;

4) ұйымдастырылмаған нарықта талаптарында мәміле мәні болып табылатын қаржы құралдарын қайта сатып алу не қайта сату міндеттемесі көзделген қаржы құралдарымен мәмілелер жасау;

5) қордың активтерімен жай серіктестіктерде қатысу;

6) инвестициялық шешім қабылдау күнінде теріс меншікті капиталы бар шаруашылық серіктестіктерде қатысу үлесін сатып алу;



7) активтерінің 50% (елу пайызынан) астамы сот талқылауының мәні болып табылатын заңды тұлғалар шығарған (ұсынған) қаржы құралдарын сатып алу.

3. Қор активтерінің құрамында:

1) осы қордың басқарушы компаниясының басқаруындағы инвестициялық қорлар шығарған акциялар немесе пайлар;

2) осы қордың басқарушы компаниясы шығарған (берген) активтер;

3) коммерциялық емес ұйымдардың жарғылық капиталдарындағы акциялар немесе қатысу үлестері;

4) Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздарын және қаржы агенттіктерінің агенттік облигацияларын қоспағанда, бір заңды тұлғаның бір түрдегі (шығарылымдағы) орналастырылған қаржы құралдарының жалпы санының он бес пайызынан асатын мөлшерде осы түрдегі (шығарылымдағы) қаржы құралдары болмауға тиіс.

4. Пайларды сатып алу үшін алынған қарыздың кез келген түрі бойынша қор активтерінің есебінен өтелуге жататын берешектердің жиынтық көлемі қордың таза активтері құнының 10% (он пайызынан) аспауға тиіс.

Пайларды сатып алу үшін қарызға қаражат тарту мерзімі (ұзарту мерзімін қосқанда) 3 (үш) айдан аспауға тиіс.

Қордың пайларын сатып алуға арналған қарыз ақшаны пайдаланғаны үшін сыйақы төлемдері басқарушы компанияның өз қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

5. Бір басқарушы компанияның басқаруындағы инвестициялық қорлар активтері мен басқарушы компанияның өз активтерінің қаржы нарығының лицензиаттарының дауыс беретін акцияларына инвестицияларының жиынтық көлемі оларды сатып алуға уәкілетті органның келісімін алуды талап ететін мөлшерден аз болуға тиіс.

6. Бір тұлға және оның үлестес тұлғалары шығарған (берген) қаржы құралдарына (ақшаны қоспағанда) инвестициялық қордың активтері есебінен жасалатын инвестициялардың жинақталған мөлшері таза активтер құнының 20%-нан (жиырма пайызынан) аспауға тиіс (осы тармақта белгіленген шектеулер баға белгілеуі қор индекстеріне байланысты болатын, Қазақстан Республикасының орталық контрагентінің, мемлекеттік бағалы қағаздарының, Exchange Traded Funds (Эксчейндж Трэйдэд Фандс) пайларының қатысуымен жасалған кері РЕПО операциясының нысанасы болып табылатын ақшаға, бағалы қағаздарға қатысты қолданылмайды).

7. Дауыс беретін акцияларының 50%-дан (елу пайыздан) астамы мемлекетке немесе ұлттық басқарушы холдингке немесе ұлттық холдингке және оның ұлттық экономиканың бір саласында қызметін жүзеге асыратын үлестес тұлғаларына тиесілі бір тұлға шығарған (берген) қаржы құралдарына инвестициялық қордың активтері есебінен жасалатын инвестициялардың жинақталған мөлшері таза активтер құнының 30%-нан (отыз пайызынан) аспауға тиіс.

8. Қордың пайларын бастапқы орналастыру мерзімі аяқталғанға дейін оның активтері Қазақстан Республикасының ұлттық валютасымен немесе пайлардың номиналды құны көрсетілген валютамен екінші деңгейдегі банктердің депозиттеріне ғана инвестициялануы мүмкін.

9. Қордың пайлары бастапқы орналастыру мерзімі аяқталғанға дейін депозиттеріне орналастырылатын екінші деңгейдегі банктер мына талаптарға сай болуға тиіс:

1) осы қордың басқарушы компаниясына қатысты үлестес болып табылмауға тиіс;

2) екінші деңгейдегі банктердің бағалы қағаздары уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленген қор биржасы тізімінің санаттарына енгізілуге тиіс.



## **6. Инвестициялық пай қорының активтерін инвестициялық декларация талаптарына сәйкес келтіру тәртібі мен мерзімдері**

Инвестициялық декларацияға сәйкес қор активтерін инвестициялау бастапқы орналастыру аяқталғаннан кейін басталады. Қор активтерін инвестициялық декларация талаптарына сәйкес келтіру мерзімі - 3 ай. Активтер инвестициялық декларацияға және басқарушы компанияның ішкі құжаттарына сәйкес инвестициялық шешімдерді қабылдау және орындау арқылы басқарушы компания инвестициялық декларацияның талаптарына сәйкес келтіреді.

## **7. Инвестициялық пай қоры жұмыс істейтін мерзім, не оның мерзімсіз жұмыс істеуі туралы көрсету**

қордың әрекет мерзімі - мерзімсіз

## **8. Инвестициялық пай қоры активтерін сенімгерлік басқару шарты**

«Standard-Еурооблигациялар» аралық инвестициялық пай қорының Қағидаларына №2-қосымша

Осы Шарт қосылу шарты болып табылады. Шартқа қосылу Қордың пайларын сатып алу жолымен жүзеге асырылады. Инвестор Қордың пайларын сатып алуға берген жеке/заңды тұлғалар үшін пайларды сатып алуға өтінімі (бұдан әрі - Өтініш) инвестордың шартқа қосылу ниеті туралы өз еркін білдіретін құжат болып табылады. Пай ұстаушы Қордың пайларын бағалы қағаздардың бастапқы немесе қайталама нарықтарында сатып алу арқылы Шарт талаптарын оқып шыққанын, түсінгенін және келіскенін растайды және оларды уақтылы және толық көлемде орындауға міндеттенеді. Шарт Басқарушы Компанияның мынадай: [www.stdi.kz](http://www.stdi.kz) мекенжайы бойынша ресми сайтында орналастырылған. Осы Шарт Тараптардың құқықтарын, міндеттерін және Басқарушы Компания мен пай ұстаушы арасындағы өзге де құқықтық қатынастарды белгілейді, Басқарушы компанияның осы Шарттың нысанасына сәйкес қызметтерді жүзеге асыру талаптары мен тәртібін айқындайды.

1. Терминдер мен анықтамалар

1.1. Басқарушы Компания - «Standard инвестициялық компаниясы» акционерлік қоғамы, Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі берген 2023 жылғы 16 маусымдағы № 3.2.247/22 ерікті зейнетақы жарналарын тарту құқығынсыз инвестициялық портфельді басқаруға арналған лицензия негізінде іс-қимыл жасайды;

1.2. қордың активтері - қордың активтерін құрайтын қаржы құралдарының, ақшаның және өзге де мүліктің әртүрлі түрлерінің жиынтығы;

1.3. кастодиан - қаржы құралдары мен клиенттер ақшасын есепке алуды және олар бойынша құқықтарды растауды, клиенттердің құжаттық қаржы құралдарының сақталуы жөнінде өзіне міндеттемелер қабылдай отырып, оларды сақтауды және Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес өзге де қызметті жүзеге асыратын бағалы қағаздар нарығына кәсіби қатысушы;

1.4. пай - инвестициялық пай қорындағы оның иесінің үлесін, инвестициялық пай қоры жұмыс істеуін тоқтатқан кезде оның активтерін және (немесе) қор Қағидаларында белгіленген жағдайда өзге де мүлікті өткізуден алынған ақшаны алу құқығын, сондай-ақ қор Қағидаларында айқындалған инвестициялық пай қоры қызметінің ерекшеліктеріне байланысты өзге де құқықтарды растайтын, шығарылымы құжатталмаған нысандағы атаулы эмиссиялық бағалы қағаз;

1.5. пай ұстаушы - инвестициялық пай қорының пайларын ұстаушылар тізілімі жүйесінде немесе номиналды ұстауды есепке алу жүйесінде жеке шоты бар және инвестициялық пай қорының пайлары бойынша құқықтарға ие тұлға;

1.6. Қордың қағидалары - қордың мақсаттарын, құру, жұмыс істеу және жұмыс істеуін тоқтату

Бұл құжат ҚР 2003 жылдың 7 қаңтарындағы "Электронды құжат және электронды сандық қол қою" туралы заңның 7 бабы, 1 тармағына сәйкес қағаз бетіндегі заңмен тең.

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года N370-II "Об электронном документе и электронной цифровой подписи" равнозначен документу на бумажном носителе.



талаптары мен тәртібін айқындайтын құжат;

1.7. орталық депозитарий - қордың пайларын ұстаушылар тізілімдерінің жүйесін жүргізуді жүзеге асыратын мамандандырылған коммерциялық емес акционерлік қоғам;

1.8. пайдың есептелу құны - қордың таза активтерінің құнын оның айналыстағы пайларының санына бөлу арқылы айқындалатын пай құнының ақшалай көрінісі;

1.9. қаржы құралы - операциялар нәтижесінде бір тұлғада - қаржы активі және басқасында қаржылық міндеттеме немесе үлестік құрал бір мезгілде туындайтын ақша, туынды бағалы қағаздарды қоса алғанда, бағалы қағаздар, туынды қаржы құралдары және басқа да қаржы құралдары;

1.10. қор - «Standard-Еурооблигациялар» аралық инвестициялық пай қоры (пайға, сондай-ақ оларды инвестициялау нәтижесінде сатып алынған өзге де активтерге ақы төлеуден алынған, пайларды ұстаушыларға ортақ үлестік меншік құқығымен тиесілі және басқарушы компанияның басқаруындағы ақша жиынтығы).

## 2. Шарттың мәні

2.1. Осы Шартпен пай ұстаушылар сатып алынған пайлар үшін төлем ретінде енгізілген пай ұстаушылардың ақшасын оларды басқа пай ұстаушылардың ақшасымен біріктіру және оларды Қазақстан Республикасының заңнамасына, Қор қағидаларына және инвестициялық декларацияға сәйкес кейіннен инвестициялау мақсатында «Standard-Еурооблигациялар» аралық инвестициялық пай қорына береді, ал басқарушы компания сенімгерлік басқаруға қабылдайды.

2.2. Қордың активтері ортақ үлестік меншік құқығындағы пай ұстаушыларға тиесілі.

2.3. Қор активтеріне ортақ үлестік меншік құқығындағы пай ұстаушылардың үлестері басқарушы компания шығарған пайлармен куәландырылады. Пай ұстаушылардың активтерін (пай ұстаушылардың үлестерін) қор активтерінен заттай бөлуге жол берілмейді.

2.4. Пай ұстаушылардың активтерін басқаруды басқарушы компания оларды қорға біріктіру және қордың активтерін жалпы басқару жолымен жүзеге асырады. Бұдан әрі осы Шарттың мәтіні бойынша қордың активтерін басқару пай ұстаушылардың әрқайсысының активтерін басқаруды да білдіреді.

2.5. Осы Шарт бойынша пайда алушылар пай ұстаушылар болып табылады.

2.6. Басқарушы компания қордың активтерін басқаруды өз атынан, бірақ пай ұстаушылардың мүддесі үшін және қордың активтері есебінен Қор қағидаларында, инвестициялық декларацияда және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында белгіленген тәртіппен жүзеге асырады.

2.7. Пай ұстаушының, басқарушы компанияның немесе қор кастодианының міндеттемелері бойынша, оның ішінде олар таратылған және (немесе) банкрот болған жағдайларда қор активтеріне үшінші тұлғалардан өндіріп алуға жол берілмейді. Қордың пайларын ұстаушылардың міндеттемелері бойынша өндіріп алу оларға тиесілі пайларға қолданылуы мүмкін. Басқарушы компания немесе қор кастодианы банкрот деп танылған немесе жарияланған жағдайларда инвестициялық қордың активтері мүліктік массаға енгізілмейді.

2.8. Пай ұстаушы - жеке тұлға қайтыс болған жағдайда мұрагерлік массаға пай ұстаушыға тиесілі қордың пайлары енгізіледі.

## 3. Басқарушы компанияның құқықтары мен міндеттері

### 3.1. Басқарушы компания құқылы:

7. Құны шетел валютасында көрсетілген қор активтерін бағалау қор активтерінің құнын айқындау күніне валюталардың нарықтық бағамы бойынша жүзеге асырылады.

8. Қордың таза активтерінің құны оның активтерінің құны мен қор активтері есебінен төленуге жататын міндеттемелердің арасындағы айырма ретінде айқындалады. Инвестициялық пай қоры пайының есепті құны мұндай қордың таза активтерінің құнын айқындау күніне осы құнды инвестициялық пай қорының пайларын ұстаушылардың тізілімі жүйесін жүргізуді жүзеге асыратын орталық депозитарийдің деректеріне сай сол күнге айналыста болатын пайлар санына бөлу арқылы айқындалады.

## **16. Пайларды орналастыру кезінде олардың есептік құнына үстеме ақы қолдану шарттары мен есептеу тәртібі**

Пайларды орналастыру кезінде олардың есептік құнына үстемелер қолданылмайды.

## **17. Басқарушы компанияның және инвестициялық пай қорының жұмыс істеуін қамтамасыз ететін өзге де тұлғалардың осы қордың активтері есебінен төленуге жататын шығыстары мен сыйақыларының түрлері, айқындалу тәртібі және ең жоғары мөлшерлері**

1. Басқарушы компанияға комиссиялық сыйақы осы Қағидалардың ажырамас бөлігі болып табылатын сенімгерлік басқару шартында айқындалған тәртіппен қор активтері есебінен төленеді. Аяқталған күнтізбелік жылдың қорытындылары бойынша басқарушы компания сыйақысының ең жоғары жиынтық мөлшері қордың таза активтерінің орташа жылдық құнының 5%-нан (бес пайызын) астам құрай алмайды.

2. Қор активтері есебінен кастодианға, орталық депозитарийге және қор аудиторына кастодиандық қызмет көрсетуге, пай ұстаушылардың тізілімін жүргізуге және аудиторлық қызметтер көрсетуге арналған шарттарға сәйкес комиссиялық сыйақы төленеді.

3. Кастодианға, орталық депозитарийге, аудиторға, қорды бағалаушыға сыйақылар тиісті шарттарда айқындалған тәртіппен және талаптарда төленеді. Аталған адамдарға сыйақының ең жоғары жиынтық көлемі қордың таза активтерінің орташа жылдық құнының 1,5%-нан (бір бүтін оннан бес пайызын) астам құрай алмайды. Аталған адамдарға осы тармақта көрсетілген шығыстар мен сыйақының ең жоғары мөлшері асып кеткен жағдайда, Басқарушы компания аяқталған күнтізбелік жылдың қорытындылары бойынша күнтізбелік жыл аяқталғаннан кейін

Бұл құжат ҚР 2003 жылдың 7 қаңтарындағы "Электронды құжат және электронды сандық қол қою" туралы заңның 7 бабы, 1 тармағына сәйкес қағаз бетіндегі заңмен тең.

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗПК от 7 января 2003 года N370-II "Об электронном документе и электронной цифровой подписи" равнозначен документу на бумажном носителе.



күнтізбелік 30 (отыз) күн ішінде қорға асып кеткен соманы өтейді.

4. Қор активтері есебінен қорды инвестициялық басқаруға байланысты шығыстар өтеледі, оның ішінде:

- 1) қор активтерімен мәмілелер жасауға;
- 2) қор активтерін ұстауға байланысты шығыстар;
- 3) заң қызметтеріне ақы төлеуге, сондай-ақ қор атынан сот талқылауларына байланысты шеккен шығыстар;
- 4) қор құрамына кіретін активтерді тиісті сақтандыру бойынша және қор құрамына кіретін активтермен операциялар бойынша сомаларды төлеуге;
- 5) қор активтеріне салық салынуы мүмкін немесе қор активтері есебінен төленуі мүмкін салықтар немесе болашақта Қазақстан Республикасының салық заңнамасы өзгерген кезде туындауы мүмкін кез келген басқа салықтар;
- 6) кастодианға активтерге қатысты пошта хат-хабарын жеткізуге байланысты шығыстар;
- 7) Қазақстан Республикасының заңнамасына және Қор қағидаларына сәйкес қор туралы ақпаратты жария етуге байланысты шығыстар;
- 8) баспа жұмыстары мен жарнамалық қызметтердің құнын өтеуге байланысты шығыстар;
- 9) банк шотын жүргізу шарты бойынша банк комиссиясына ақы төлеуге байланысты шығыстар;
- 10) басқарушы компания агенттерінің пайларды орналастыру бойынша қызметтеріне ақы төлеуге байланысты шығыстар (олар болған кезде);
- 11) үшінші тұлғалардың қордың жұмыс істеуіне байланысты өзге де шығыстар, ақпараттық қызметтері.

5. Қордың пайларын бастапқы орналастыру кезеңінде басқарушы компанияға сыйақы есептеледі, бірақ төленбейді.

6. Қордың пайларын бастапқы орналастыру кезеңінде қордың жұмыс істеуін қамтамасыз етуге байланысты сыйақылар мен шығыстарды төлеу, оның ішінде кастодиан мен орталық депозитарий көрсететін қызметке ақы төлеу басқарушы компанияның өз қаражаты есебінен оның шығындары кейіннен қор активтері есебінен өтеле отырып жүзеге асырылады.

7. Қордың жұмыс істеуі оның пайларын бастапқы орналастыру мерзімі аяқталғанға дейін немесе оның таза активтерінің құны пайларды бастапқы орналастыру аяқталғаннан кейін ең төменгі мөлшерге сәйкес келмегендіктен тоқтатылған жағдайларда, басқарушы компания қордың пайларын бастапқы орналастыру кезеңінде жұмсалған шығындарды өтеу бойынша залал тәуекелін мойнына алады.

8. Сыйақылар мен шығыстарды аударуды қордың кастодианы басқарушы компанияның бұйрығы бойынша жүзеге асырады. Қордың кастодианы көрсетілген сомалардың дұрыс есептелуін бақылауды жүзеге асырады.

9. Қордың жұмыс істеуін қамтамасыз етуге байланысты және оның активтері есебінен өтелетін басқарушы компания шығыстарының ең жоғары мөлшері қордың жұмыс істеуін тоқтатуға байланысты шығыстарды қоспағанда, қор активтерін сату нәтижесінде алынған ақша сомасының 5%-нан (бес пайыз) аспайтын таза активтердің орташа жылдық құнының жылына 1,5%-нан (бір бүтін оннан бес пайыз) аспайды. Шығыстардың мөлшері (қорды тоқтатуға байланысты шығыстарды қоспағанда) олармен жасалған шарттарға және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес қордың жұмыс істеуін қамтамасыз ететін адамдар алатын салық мөлшерлемелерінің ұлғаюына және комиссиялардың ұлғаюына байланысты ұлғайтылуы мүмкін.

10. Қордың Қағидаларында көзделмеген шығыстар, сондай-ақ ең жоғары мөлшерден асатын бөліктегі сыйақылар мен шығыстар басқарушы компанияның өз қаражаты есебінен төленеді.

11. Қордың жұмыс істеуі бастапқы орналастыру мерзімі аяқталғанға дейін тоқтатылған кезде немесе пайларды бастапқы орналастыру аяқталғаннан кейін қордың таза активтерінің құны



Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалған ең төменгі мөлшерден аз болуына байланысты басқарушы компанияның қордың жұмыс істеуін тоқтату рәсіміне байланысты шығыстары қор активтерінің есебінен өтелмейді.

12. Басқарушы компанияның инвестициялық портфельді басқаруға лицензиясының қолданылуын тоқтата тұруға (одан айыруға) немесе оның қорды сенімгерлік басқаруды одан әрі жүзеге асырудан бас тартуына байланысты, сондай-ақ қор кастодианының кастодиандық қызметке лицензиясының қолданылуын тоқтата тұруға (одан айыруға) немесе оның қор активтерін есепке алуды және сақтауды одан әрі жүзеге асырудан бас тартуына байланысты басқарушы компанияның немесе кастодианның қордың жұмыс істеуін тоқтату рәсіміне байланысты шығыстары қор активтері есебінен өтелмейді.

## **18. Басқарушы компанияның немесе кастодианның инвестициялық пай қорының жұмыс істеуін қамтамасыз ету жөніндегі қызметті одан әрі жүзеге асыруға мүмкіндігі болмаған немесе одан бас тартқан жағдайларда, оларды ауыстыру шарттары мен тәртібі**

1. Қордың басқарушы компаниясын немесе кастодианын ауыстыру:

1) аталған адамдардың бастамасы бойынша;

2) аталған адамдардың қолданысын тоқтата тұру немесе лицензиясынан айыру салдарынан жүзеге асырылады.

2. Қордың басқарушы компаниясын немесе кастодианын ауыстырған кезде, осы Қағидаларға жаңа басқарушы компанияны немесе жаңа кастодианды тағайындауға қатысты өзгерістер мен толықтырулар енгізіледі (қай адамның ауысуына байланысты).

3. Басқарушы компания және/немесе кастодиан жаңа басқарушы компанияны және/немесе кастодианды тағайындауға қатысты Қағидаларға өзгерістер күшіне енгенге дейін қордың активтерін басқаруды жүзеге асыруды жалғастырады. Жаңа басқарушы компанияны және/немесе кастодианды тағайындау бойынша Қағидаларға өзгерістер күшіне ену мерзімі көрсетілген шешім қабылданған күннен бастап 3 (үш) айдан аспауға тиіс.

4. Қордың осы Қағидаларына жаңа басқарушы компанияны немесе жаңа кастодианды тағайындауға қатысты өзгерістер мен толықтырулар (қай адамның ауысуына байланысты) уәкілетті органмен келісуге жатады.

5. Басқарушы компанияны ауыстырған кезде, Басқарушы компания пай ұстаушыларға қор активтерін басқа басқарушы компанияның басқаруына беру туралы ақпаратты басқарушы компанияның корпоративтік интернет-ресурсында және Қағидаларда көрсетілген бұқаралық ақпарат құралында орналастыру жолымен жіберуге міндетті.

6. Егер басқарушы компанияның және/немесе кастодианның лицензиясы тоқтатыла тұрған сәттен бастап үш ай ішінде лицензияның қолданылуы жаңартылмаса немесе жаңа басқарушы компанияны және/немесе кастодианды тағайындауға қатысты қор қағидаларына өзгерістер күшіне енбесе, осы Қағидаларда көзделген тәртіппен қордың болуы тоқтатылады.

7. Егер лицензиядан айырылған сәттен бастап екі ай ішінде лицензияның қолданылуы жаңартылмаса немесе жаңа басқарушы компанияны және/немесе кастодианды тағайындауға қатысты қор қағидаларына өзгерістер күшіне енбесе, басқарушы компанияның және/немесе кастодианның лицензиясының қолданысынан айыру қордың тоқтатылуына әкеп соғады.

8. Кастодианды ауыстырған кезде Басқарушы компания қордың жұмыс істеуін қамтамасыз ету үшін басқа кастодианмен шарт жасауға міндетті.

9. Басқарушы компания немесе кастодиан қордың қызметін жалғастыру үшін қажетті барлық құқық белгілейтін және өзге де құжаттар мен деректерді жаңа басқарушы компанияға немесе кастодианға қордың жұмыс істеуін жалғастыруды қамтамасыз ету үшін мүмкіндігінше аз мерзімде беруге міндетті.

10. Жаңа тағайындалған басқарушы компания қорының активтерін беру тараптардың

Бұл құжат ҚР 2003 жылдың 7 қаңтарындағы "Электронды құжат және электронды сандық қол қою" туралы заңның 7 бабы, 1 тармағына сәйкес қағаз бетіндегі заңмен тең.

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года N370-II "Об электронном документе и электронной цифровой подписи" равнозначен документу на бумажном носителе.





қабылдау-беру актісіне қол қою жолымен, қордың кастодиандағы шотынан үзінді көшірмені және қордың активтерге құқықтарын растайтын, кастодианға сақтауға тапсырылған бастапқы құжаттың түпнұсқасының тізбесін қоса бере отырып жүзеге асырылады. Тараптардың қор активтерін қабылдау-беру актісіне қол қойған күні қор активтерін беру күні болып табылады

## **19. Инвестициялық пай қорының пайларын орналастыруды тоқтата тұру шарттары мен тәртібі**

1. Қордың пайларын орналастыру Қазақстан Республикасы заңнамасының немесе шарттық міндеттемелердің талаптарын қордың жұмыс істеуін қамтамасыз ететін адамдар немесе қаржы құралдары немесе өзге де мүлкі қор активтерінің құрамына кіретін адамдар бұзған немесе орындай алмаған жағдайларда уәкілетті органның нұсқамасы бойынша тоқтатыла тұруы мүмкін;
2. Осы тармақтың 1) тармақшасында көзделген жағдайда, Басқарушы компания уәкілетті органның хабарламасын алған сәтте қордың пайларын орналастыруды тоқтата тұруға міндетті;
3. Осы тармақтың 4) тармағына сәйкес пайларды орналастыруды тоқтата тұру туралы бұқаралық ақпарат құралдарында міндетті түрде хабардар етілген кезде басқарушы компанияның шешімі бойынша пайларды орналастыру да тоқтатыла тұруы мүмкін, бұл ретте орналастыруды тоқтата тұру мерзімін басқарушы компания белгілейді;
4. Басқарушы компания Қор қағидаларында көрсетілген компанияның корпоративтік интернет-ресурсында пайларды орналастыруды тоқтата тұру туралы ақпаратты тоқтата тұру күніне дейін күнтізбелік 30 (отыз) күннен кешіктірілмейтін мерзімде орналастырады.

## **20. Инвестициялық пай қоры жұмысының тоқтатылғаны туралы ақпарат жарияланатын баспа басылымының атауын көрсете отырып инвестициялық пай қорының жұмыс істеуін тоқтату, оның ішінде қор жұмысын тоқтату кезінде пайларды сатып алу талаптары мен тәртібі**

Қордың жұмыс істеуін тоқтату негіздері.

1. Қордың жұмыс істеуін тоқтату мынадай:

- 1) пайларды бастапқы орналастыру аяқталғаннан кейін қордың таза активтері құнының инвестициялық пай қоры активтерінің ең аз мөлшеріне қойылатын талапқа сәйкес келмеген;
- 2) пайларды сатып алуға өтінімдерді орындау нәтижесінде қордың таза активтері құнының инвестициялық пай қоры активтерінің ең төменгі мөлшеріне қойылатын талапқа сәйкес келмеген және ол туындаған күннен бастап екі ай ішінде көрсетілген сәйкессіздікті жоймаған;
- 3) қордың басқарушы компаниясы немесе қор кастодианы шарт бойынша өзіне қабылдаған міндеттемелерді одан әрі орындау мүмкін еместігіне байланысты және егер аталған шешім қабылданған сәттен бастап үш ай ішінде қордың басқарушы компанияны немесе жаңа кастодианды тағайындауға қатысты қағидаларына өзгерістер күшіне еنبесе, қордың активтерін басқару немесе активтерін есепке алу және сақтау жөніндегі функцияларды одан әрі орындаудан бас тарту туралы шешім қабылдаған;
- 4) бағалы қағаздар нарығында кәсіби қызметтің тиісті түрін жүзеге асыруға қордың басқарушы компаниясының, қор кастодианының лицензиясының қолданылуы тоқтата тұрған жағдайларда және егер үш ай ішінде лицензияның қолданылуы жаңартылмаса немесе жаңа басқарушы компанияны, жаңа кастодианды тағайындауға қатысты Қор қағидаларына өзгерістер күшіне еنبесе;
- 5) қордың басқарушы компаниясын немесе қордың кастодианын бағалы қағаздар нарығында кәсіби қызметтің тиісті түрін жүзеге асыруға лицензиясынан айырған жағдайларда және егер

Бұл құжат ҚР 2003 жылдың 7 қаңтарындағы "Электронды құжат және электронды сандық қол қою" туралы заңның 7 бабы, 1 тармағына сәйкес қағаз бетіндегі заңмен тең.

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗПК от 7 января 2003 года N370-II "Об электронном документе и электронной цифровой подписи" равнозначен документу на бумажном носителе.



- лицензиядан айырылған сәттен бастап екі ай ішінде жаңа басқарушы компанияны немесе жаңа кастодианды тағайындауға қатысты Қор қағидаларына өзгерістер күшіне еنبесе;
- 6) Қазақстан Республикасының заңнамасында және уәкілетті органның актілерінде көзделген өзге де негіздер бойынша жүзеге асырылады.
2. Кредиторлармен есеп айырысуды жүзеге асыру үшін пайларды ұстаушыларға қалған ақшаны қайтару қорының жұмыс істеуін тоқтатуға байланысты шығыстарды төлеуді қоспағанда, қордың жұмыс істеуін тоқтату үшін негіздер туындаған сәттен бастап қордың активтеріне билік етуге жол берілмейді.
- Қордың жұмыс істеуін тоқтатуды жүзеге асыратын адамдар.
3. Қордың жұмыс істеуін тоқтатуды қордың басқарушы компаниясы жүзеге асырады.
4. Қордың басқарушы компаниясының лицензиясының қолданысы тоқтатылған немесе одан айырған жағдайда оның жұмыс істеуін тоқтатуды қордың кастодианы жүзеге асырады.
5. Кастодианның лицензиясының қолданысы тоқтатылған немесе одан айырған жағдайда қордың жұмыс істеуін тоқтатуды оның лицензиясының қолданылуына қарамастан қордың басқарушы компаниясы жүзеге асырады.
6. Басқарушы компания және (немесе) кастодиан қордың жұмыс істеуі тоқтатылған кезде қор активтерінің өткізілуін қамтамасыз етуге, қордың кредиторларымен есеп айырысуды жүзеге асыруға, қордың жұмыс істеуін тоқтатуға байланысты шығыстарды төлеуге және қалған ақшаны Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына және қордың осы Қағидаларына сәйкес пай ұстаушылар арасында бөлуге міндетті.
7. Уәкілетті орган қордың жұмыс істеуін тоқтату рәсімін бақылау үшін өз өкілін жіберуге құқылы.
- Қордың жұмыс істеуін тоқтату тәртібі.
8. Басқарушы компания немесе қордың кастодианы қордың жұмыс істеуін тоқтату үшін негіздер басталған сәттен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде:
- 1) пай ұстаушыларға, уәкілетті органға, қордың жұмыс істеуін қамтамасыз ететін ұйымдарға, қордың кредиторларына және қор активтерімен орындалмаған мәмілелердегі тараптарға қордың жұмыс істеуінің тоқтатылғаны туралы, осы рәсімді жүргізудің талаптары мен тәртібі туралы хабарлама жіберуге;
- 2) орталық депозитарийге пай ұстаушылар тізілімінде мәмілелерді тіркеудің тоқтатылған күнін көрсете отырып, осы қордың пай ұстаушылар тізіліміндегі дербес шоттар бойынша операцияны тоқтату туралы талапты жіберуге міндетті.
9. қордың басқарушы компаниясы немесе қордың кастодианы орталық депозитарийге қор пайларын ұстаушылар тізілімінде мәмілелерді тіркеудің тоқтатылған күнін көрсете отырып, қор пайларын ұстаушылар тізіліміндегі дербес шоттар бойынша операцияларды тоқтату туралы талапты жазбаша түрде жібереді.
10. Қор активтері есебінен қанағаттандырылуы тиіс кредиторлардың талаптарын ұсыну мерзімі қордың жұмыс істеуін тоқтату туралы олар хабардар етілген күннен бастап кемінде 1 (бір) ай болуға тиіс.
11. Қордың жұмыс істеуі оның пайларын бастапқы орналастыру мерзімі аяқталғанға дейін немесе оның таза активтерінің құны қор активтерінің ең төменгі мөлшеріне сәйкес келмеуі себебінен тоқтатылған кезде Басқарушы компания немесе кастодиан пайларды бастапқы орналастыру аяқталғаннан кейін пай ұстаушыларға қордың жұмыс істеуін тоқтату үшін негіздер басталған сәттен бастап күнтізбелік 10 (он) күннен кешіктірмей ақшаны қайтаруға міндетті.
12. Басқарушы компания немесе кастодиан талаптары қор активтері есебінен қанағаттандырылуы тиіс кредиторларды анықтау және қордың жұмыс істеуі кезеңінде төленген, бірақ жеткізілмеген (қордың меншігі ретінде тіркелмеген) қор активтерін алу жөнінде шаралар қабылдайды.

Бұл құжат ҚР 2003 жылдың 7 қаңтарындағы "Электронды құжат және электронды сандық қол қою" туралы заңның 7 бабы, 1 тармағына сәйкес қағаз бетіндегі заңмен тең.

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗПК от 7 января 2003 года N370-II "Об электронном документе и электронной цифровой подписи" равнозначен документу на бумажном носителе.



13. Қор активтері есебінен қанағаттандырылуы тиіс кредиторлардың талаптарын ұсыну мерзімі аяқталғаннан кейін және аталған кредиторлармен есеп айырысу басталғанға дейін Қордың Басқарушы компаниясы және (немесе) кастодианы қор активтерінің құрамы мен құны туралы, кредиторлар қойған талаптар туралы, қордың төленген, бірақ жеткізілмеген активтері туралы мәліметтерді, сондай-ақ көрсетілген мәліметтерді қарау нәтижелері және одан әрі іс-қимылдар туралы есеп жасайды және уәкілетті органға жібереді.

14. Қордың жұмыс істеуін тоқтату туралы ақпарат:

1) қор пайларын ұстаушыларға басқарушы компанияның корпоративтік интернет-ресурсында хабарлама орналастыру жолымен;

2) уәкілетті органға жазбаша хабарлама жіберу жолымен;

3) қордың болуын және жұмыс істеуін қамтамасыз ететін ұйымдарға жазбаша хабарламалар жіберу жолымен;

4) қордың кредиторларына және қор активтерімен орындалмаған мәмілелердегі тараптарға жазбаша хабарлама жіберу жолымен және (немесе) сауда-саттықты ұйымдастырушыларға жазбаша хабарламалар жолымен жіберіледі.

15. Қазақстан Республикасының заңнамасына және осы Қағидаларға сәйкес жария түрде таратылуы мүмкін ақпарат басқарушы компанияның корпоративтік интернет-ресурсында және «Заң газеті» баспа басылымында орналастырылады.

Қордың жұмыс істеуі тоқтатылған кезде міндеттемелерді орындау.

16. Қор пайларын бастапқы орналастыру мерзімі аяқталғанға дейін немесе осы Қағидалардың 20-тармағының 1-тармақшасында көзделген себеппен қордың жұмыс істеуі тоқтатылған жағдайларды қоспағанда, қор активтерін өткізуден алынған ақша мынадай тәртіппен бөлінеді:

1) бірінші кезекте қордың болуын қамтамасыз еткен үшінші тұлғалардың және қордың міндеттемелері тоқтатылу негізі туындағанға дейін құрылған өзге де кредиторлардың, сондай-ақ пайларды төлеген, бірақ қор пайларын ұстаушылар тізіліміне енгізілмеген адамдардың және пайларды сатып алуға өтінімдері қордың болуын тоқтатуға негіз пайда болғанға дейін қабылданған пай ұстаушылардың шығыстарын төлеу жүзеге асырылады;

2) екінші кезекте қордың басқарушы компаниясы мен кастодианын қоспағанда, қордың жұмыс істеуі тоқтатылған кезеңде оның активтерін өткізуді және пайларын сатып алуды қамтамасыз ететін адамдардың шығыстарын төлеу жүзеге асырылады;

3) үшінші кезекте, егер қордың жұмыс істеуін тоқтату кастодианның қызметіне, оның кастодиандық қызметке лицензиясының қолданылуына байланысты емес негіздер бойынша жүзеге асырылатын жағдайларда, қордың жұмыс істеуін тоқтатуға байланысты қор кастодианының шығыстарына ақы төлеу жүзеге асырылады;

4) төртінші кезекте, егер қордың жұмыс істеуін тоқтату басқарушы компанияның қызметіне, оның инвестициялық портфельді басқаруға лицензиясының қолданылуына байланысты емес негіздер бойынша жүзеге асырылатын жағдайларда, қордың жұмыс істеуін тоқтатуға байланысты қордың басқарушы компаниясының шығыстарын төлеу жүзеге асырылады;

5) бесінші кезекте, егер қордың жұмыс істеуін тоқтату орталық депозитарийдің қызметіне байланысты емес негіздер бойынша жүзеге асырылатын жағдайларда, қордың жұмыс істеуін тоқтатуға байланысты орталық депозитарийдің шығыстарына ақы төлеу жүзеге асырылады;

6) алтыншы кезекте ақшаны пай ұстаушылар арасында бөлу жүзеге асырылады. Пай ұстаушылар арасында ақшаны бөлу олардың қор пайларына ақы төлеу шотына енгізілген салымдарының сомасына теңбе-тең жүргізіледі.

17. Пай ұстаушыларға ақша төлеу өтінімде көрсетілген пай ұстаушының банктік деректемелеріне ақша аудару жолымен жүзеге асырылады.

18. Ақшалай өтемақы төлеу бойынша міндет қордың немесе басқарушы компанияның шотынан тиісті ақша сомасын оны пай ұстаушының банктік деректемелеріне аударған кезде есептен шығарылған күннен бастап орындалған болып есептеледі;



19. Пайларды бастапқы орналастыру аяқталғаннан кейін қордың таза активтерінің құны Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалған ең төменгі мөлшерден аз болуына байланысты қордың жұмыс істеуі тоқтатылған кезде, басқарушы компанияның қордың жұмыс істеуін тоқтату рәсіміне байланысты шығыстары қор активтерінің есебінен өтелмейді.

20. Есеп айырысу аяқталғаннан кейін күнтізбелік он төрт күн ішінде пайлық инвестициялық пай қорының басқарушы компаниясы немесе кастодианы осы бапқа сәйкес уәкілетті органға қордың жұмыс істеуін тоқтату туралы ақпаратты:

- 1) осы қордың барлық активін бөлу туралы қор кастодианының хабарламасы;
- 2) орталық депозитарийдің осы қордың пайларын ұстаушылар тізілімдері жүйесінің жабылғаны туралы хабарламасы қоса беріп ұсынады.

## **21. Пай ұстаушылардың сұратулары бойынша есеп берудің шарттары мен тәртібі**

1. Басқарушы компанияның қызметі туралы, оның ішінде қордың таза активтерінің құрамы мен құны, сондай-ақ есептік құны туралы есепті басқарушы компания айына кемінде бір рет қалыптастырады (бұдан әрі – «Есепті кезең») және есепті айдан кейінгі айдың 20-нан кешіктірмей пай ұстаушыларға тапсыру арқылы пай ұстаушыны жалпы таныстыруға не орталық депозитарийде бар пай ұстаушылардың немесе пай ұстаушылар өтінімде көрсеткен мекенжайлары бойынша пошта арқылы не олар болған кезде факс немесе электрондық пошта арқылы жіберу арқылы не осы Қағидаларда көрсетілген басқарушы компанияның интернет-ресурсында тиісті ақпаратты жариялау жолымен ұсынылады.

2. Қор пайының есептік құны күн сайын басқарушы компанияның корпоративтік интернет-ресурсында орналастырылады.

3. Басқарушы компания сондай-ақ пай ұстаушылардың жазбаша сұратулары бойынша есептер ұсынады. Не сұрату бойынша есеп беруді талап ететін, өзінің деректемелерін көрсете отырып, басқарушы компанияға жазбаша сұратумен жүгінуге міндетті.

4. Егер сұратылып отырған ақпарат Қазақстан Республикасының заңнамасына және осы Қағидаларға сәйкес жария етілуі мүмкін болса, Басқарушы компания сұратылып отырған ақпаратты күнтізбелік 15 (он бес) күн ішінде беруге міндетті.

## **22. Пай ұстаушылар алдында инвестициялық пай қоры, оның ережесі және оларға енгізілген өзгерістер, қордың таза активтері құнының және пайдың есептік құнының өзгеруі, пайды орналастыру және сатып алу бағалары туралы, сондай-ақ инвестициялық пай қорының жұмыс істеуін қамтамасыз ететін тұлғалар, олардың қызметінің нәтижелері туралы ақпаратты ашу шарттары мен тәртібі**

1. Қор туралы ақпарат Қазақстан Республикасының заңнамасында, жарғыда, инвестициялық декларацияда және осы Қағидаларда белгіленген талаптарға сәйкес келуге тиіс.

Қор туралы ақпарат мыналарды:

- 1) қордың аралық инвестициялау қоры болып табылатындығын көрсете отырып, қордың атауын;
- 2) қор қағидаларының нөмірі мен тіркелген күнін;
- 3) қордың басқарушы компаниясының атауын, берілген күнін және лицензия нөмірін;
- 4) қор туралы толық ақпарат алуға болатын орындар туралы ақпаратты (мекенжайлары мен телефон нөмірлерін көрсете отырып);
- 5) қор пайларының құны ұлғаюы немесе азаюы мүмкін екендігі туралы нұсқауды, өткен инвестициялау нәтижелері кірістерді айқындамайды, мемлекет инвестициялық қорларға инвестициялардың кірістілігіне кепілдік бермейді, сондай-ақ қор пайларын сатып алу алдында Қор қағидаларымен (оның ішінде қор қағидаларының ажырамас бөлігі болып табылатын

Бұл құжат ҚР 2003 жылдың 7 қаңтарындағы "Электронды құжат және электронды сандық қол қою" туралы заңның 7 бабы, 1 тармағына сәйкес қағаз бетіндегі заңмен тең.

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года N370-II "Об электронном документе и электронной цифровой подписи" равнозначен документу на бумажном носителе.



қордың инвестициялық декларациясымен) танысып шығуу қажеттілігі туралы ескертуді қамтуға тиіс.

2. Қор және басқарушы компания туралы ақпаратта дұрыс емес немесе жаңылыстыратын мәліметтерді, сондай-ақ:

1) басқарушы компанияның инвестициялық қызметінің, оның ішінде олардың бұрынғы нақты қызметі туралы ақпаратқа негізделген болашақ кірістілігінің кепілдігін;

2) өзге оқиғаға немесе үш жылдан астам уақыт бұрын болған уақыт кезеңіне қатысты басқарушы компанияның инвестициялық қызметінің нәтижелеріне елеулі әсер етуі мүмкін факторлар туралы өтініштерді;

3) қордың таза активтерінің кірістілігі мен құнының нақты есептеулеріне негізделмеген басқарушы компанияның инвестициялық қызметінің көрсеткіштерін салыстыруды;

4) инвестициялардың қауіпсіздігіне және көрсетілген инвестициялармен байланысты ықтимал кірістер немесе шығыстар мөлшерінің тұрақтылығына кепілдіктерді қамтитын болашақ инвестициялар туралы өтініштерді;

5) басқарушы компанияның басқару дағдылары немесе сипаттамалары, сондай-ақ олардың мемлекеттік органдармен, өзге де адамдармен байланысы туралы асыра айтылған немесе расталмаған өтініштерді.

6) қатарынан күнтізбелік он екі айдан аз кезеңдегі инвестициялық қордың инвестициялық қызметінің кірістілігі туралы ақпаратты қамтымауы тиіс.

3. Қордың басқарушы компаниясы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өз қызметі туралы ақпараттың мазмұнына, қордың таза активтерінің құрамы мен құнын сипаттайтын көрсеткіштерге жауап береді.

4. Қордың басқарушы компаниясы және олардың өкілдері әлеуетті инвесторларға, акционерлерге немесе пай ұстаушыларға мыналарды:

1) жарғыны, инвестициялық декларацияны, оларға барлық келісілген өзгеріс пен толықтыруларды қамтитын қор қағидаларын;

2) осы мәліметтер айқындалған соңғы күнгі жағдай бойынша қор активтерінің, қордың таза активтерінің құрамы мен құны, бір пайдың есептік құны туралы мәліметтерді;

3) инвестициялық қордың басқарушы компаниясының өткен қаржы жылындағы инвестициялық қордың жұмыс істеуін қамтамасыз ету жөніндегі қызметін тексеру нәтижелерімен бірге олардың аудиторлық есептерінен үзінді көшірмелерді;

4) басқарушы компанияның, кастодианның және қордың болуын қамтамасыз ететін, кез келген өткен кезең үшін қор активтері есебінен өтелуге жататын өзге де субъектілердің сыйақылары мен шығыстарының ықтимал және нақты мөлшері туралы мәліметтерді;

5) инвестициялық қордың активтерін басқару, есепке алу және сақтау жөніндегі қызметіне байланысты инвестициялық қордың басқарушы компаниясы мен кастодианына қолданылған санкцияларды, қадағалап ден қою шараларын, әкімшілік жазаларды және өзге де ықпал ету шаралары туралы мәліметтерді;

6) Қазақстан Республикасының заңнамасында, Қор қағидаларында белгіленген талаптарға сәйкес қордың басқарушы компаниясы тарататын өзге де ақпаратты ұсынуға міндетті.

5. Қор пайларын орналастыру және сатып алу бағалары, бір пайдың есептік құнын, осы мәліметтер айқындалған соңғы күнгі жағдай бойынша қордың таза активтерінің құнын (оның ішінде бір пайға есептегенде) айқындау әдісі туралы, қор пайларын орналастыруды/сатып алуды тоқтата тұру немесе қайта бастау жағдайларындағы басталу және аяқталу мерзімдері, уақыты туралы ақпарат, әлеуетті инвесторларға немесе пай ұстаушыларға осы Қағидаларда көрсетілген талаптарда, тәртіппен және тәсілдермен ұсынылуға тиіс.

6. Пайларды орналастыру үдерісін тоқтата тұру немесе қайта бастау туралы шешім қабылданған жағдайда Қордың басқарушы компаниясы осындай шешім қабылданған күннен бастап күнтізбелік 5 (бес) күн ішінде себептерін көрсете отырып, бұл туралы хабарлама



жариялауға (таратуға) міндетті.

7. Егер осы Қағидалардың тиісті тармақтарында өзгеше белгіленбесе, Қазақстан Республикасының заңнамасына және (немесе) осы Қағидаларға сәйкес басқарушы компания пай ұстаушыларға жіберуге жататын ақпаратты (оның ішінде хабарламалар және (немесе) хабарлар және (немесе) хабарламалар) және (немесе) құжаттарды:

1) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес баспа басылымында жүзеге асырылуы тиіс жағдайларды қоспағанда, басқарушы компания осындай ақпаратты және (немесе) осындай құжаттаманың мәтінін басқарушы компанияның корпоративтік интернет-ресурсында орналастырған сәттен бастап не;

2) басқарушы компания көрсетілген ақпаратты және (немесе) құжаттарды пай ұстаушыларға олардың үй мекенжайлары немесе пай ұстаушылар пай сатып алуға өтінімде немесе оларды қайталама нарықта сатып алған пай ұстаушылар берген деректемелер туралы хабарламаларда көрсеткен орналасқан жерлері бойынша жіберу үшін пошта операторына берген күннен бастап 5 (бесінші) жұмыс күніне;

3) көрсетілген ақпаратты және (немесе) құжаттарды пай ұстаушыларға пай сатып алуға өтінімде немесе оларды қайталама нарықта сатып алған пай ұстаушылар берген деректемелер туралы хабарламаларда көрсетілген пай ұстаушылардың электрондық пошта мекенжайлары бойынша жіберілген күннен бастап 3 (үшінші) жұмыс күніне басқарушы компания тиісінше жіберген және пай ұстаушы алған болып есептеледі.

8. Басқарушы компанияның пай ұстаушылардан жоғарыда көрсетілген тәсілдермен жіберілген ақпаратты және (немесе) құжаттарды алғаны туралы жазбаша не ауызша растамалар алуы талап етілмейді. Бұл ретте басқарушы компания пай ұстаушыларға ақпаратты және (немесе) құжаттаманы жоғарыда көрсетілген тәсілдердің бірімен жібергеннен кейін және сол жерде көрсетілген мерзімдерді сақтағаннан кейін осы Қағидаларға сәйкес жасалуы (жалғастырылуы) пай ұстаушылардың қандай да бір ақпаратты және (немесе) құжаттаманы міндетті түрде алуына байланысты барлық қажетті әрекетті жасауға құқылы.

### **23. Басқарушы компанияның инвестициялық пай қорының пайларын орналастыру және сатып алу жөніндегі өкілдерінің (олар бар болса) байланыс телефондарының нөмірлері, орналасқан жері көрсетілген тізбесі болуға тиіс**

1. Басқарушы компания тиісті шешім қабылдаған жағдайда, осы Қағидаларға басқарушы компанияның инвестициялық пай қорының пайларын орналастыру және сатып алу жөніндегі өкілдерінің байланыс телефондарының нөмірлерін, орналасқан жерін көрсете отырып, айқындайтын толықтырулар енгізілетін болады.

### **24. Ашық немесе аралық инвестициялық пай қорының ережесінде, көзделген мәліметтерден басқа:**

#### ***1) Пайды сатып алуға өтінім беру және оны орындау шарттары мен тәртібі***

1. Осы Қағидаларға қордың пайларын ұстаушылардың мүдделеріне нұқсан келтіретін өзгерістер мен толықтырулар енгізілген жағдайда, қордың пайларын ұстаушылардың жалпы жиналысында осы өзгерістерді енгізуге қарсы дауыс берген қордың пайларын ұстаушылар көрсетілген өзгерістер мен толықтырулар күшіне енген күнге дейін күнтізбелік 30 (отыз) күн ішінде қордың өздеріне тиесілі пайларын сатып алуды талап етуге құқылы.

2. Қордың пайларын сатып алу тоқсан сайынғы негізде жүзеге асырылады. Қордың пайларын сатып алу күндері болып мынадай күндер белгіленеді: 20 қаңтар, 20 сәуір, 20 шілде, 20 қазан. Пайларды сатып алудың жоғарыда көрсетілген күндері Қазақстан Республикасындағы демалыс немесе мереке күндерімен сәйкес келген кезде сатып алу келесі жұмыс күні жүзеге асырылады.

Бұл құжат ҚР 2003 жылдың 7 қаңтарындағы "Электронды құжат және электронды сандық қол қою" туралы заңның 7 бабы, 1 тармағына сәйкес қағаз бетіндегі заңмен тең.

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗПК от 7 января 2003 года N370-II "Об электронном документе и электронной цифровой подписи" равнозначен документу на бумажном носителе.



Егер жаһандық корпоративтік борыштық бағалы қағаздардың (Bloomberg Global Aggregate Corporate Total Return Index Hedged USD) нарықтық құнының өзгеруін көрсететін индекс сатып алу күнінің алдындағы тоқсанда 5%-ға және одан да көп төмендеген жағдайда, басқарушы компания бұқаралық ақпарат құралында немесе басқарушы компанияның корпоративтік интернет-ресурсында пайларды сатып алуға және ағымдағы сатып алуды өткізуге өтінімдерді жинаудың күшін жою туралы жариялау жолымен хабарлайды. Басқарушы компанияға сатып алуға және ағымдағы сатып алуды өткізуге өтінімдерді жинаудың басталатыны туралы хабарлау (не пайларды сатып алуға өтінімдерді жинаудың күшін жою және ағымдағы сатып алуды жою туралы) басқарушы компанияның корпоративтік интернет-ресурсында және осы Қағидаларда көрсетілген бұқаралық ақпарат құралында сатып алуға өтінімдерді жинау басталған күнге дейін 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде жариялау арқылы пай ұстаушыларға жіберіледі. Басқарушы компанияның алдыңғы күнтізбелік 12 (он екі) айдағы пайларды 3 (үш) реттен астам сатып алудың, сондай-ақ қатарынан 2 (екі) реттен астам сатып алудың күшін жоюды жүзеге асыруға құқығы жоқ.

3. Пайларды сатып алуға бастапқы орналастыру мерзімі ішінде жол берілмейді.

4. Сатып алуға өтінімдерді қабылдау Қағидаларда айқындалған сатып алу күніне дейін күнтізбелік 10 (он) күн бұрын басталады және сатып алу күнінің алдындағы соңғы жұмыс күні Астана уақыты бойынша сағат 18:00-де аяқталады. Сатып алынатын пайлар бойынша есеп айырысуды жүзеге асыру кезеңі сатып алынған күннен бастап 10 (он) жұмыс күнін құрайды.

5. Қордың пайларын сатып алу қор активтерінің құрамында бар немесе қор активтерін өткізуден алынған ақша, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында және уәкілетті органның актілерінде белгіленген талаптар сақтала отырып, қарыз қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

6. Пайларды сатып алуға өтінімдер қайтарып алынбайтын сипатта болады.

7. Пайларды сатып алуға өтінім Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес ресімделген сенімхат негізінде сенім білдірілген адам арқылы берілуі мүмкін.

8. Пайларды сатып алуға өтінімдер, егер бұл Қор қағидаларында көзделсе, жеңілдікті шегере отырып, пайларды сатып алу күнінің алдындағы жұмыс күнінің соңында қалыптасқан пайдың есептеу құнына байланысты айқындалған баға бойынша орындалады.

9. Қордың пайларын сатып алуға өтінім беру және орындау тәртібі:

1) қордың пайларын сатып алуға ұсынуды қордың пайларын ұстаушылар басқарушы компанияға осы Қағидаларға №4-қосымшаның нысаны бойынша пайларды сатып алуға өтінімдер беру жолымен жүзеге асырады;

2) Инвестор тиісті түрде толтырылған және қол қойылған өтінімді басқарушы компанияның кеңсесіне (қолма-қол немесе пошта/курьерлік қызмет) береді;

3) өтініш берушіге ақша аудару туралы тапсырма беру (төлем құжатын беру) пайларды сатып алу жүзеге асырылған күні жүзеге асырылады, бұл ретте осы аударымға қызмет көрсететін банктердің аударым операциясын жүзеге асыру уақыты осы мерзімге қосылмайды. Орталық депозитарийдің пайларды сатып алу бойынша мәмілені тіркеу үшін барлық комиссиясын қор төлейді. Банктік аударым үшін комиссиялар пай ұстаушының есебінен төленеді;

4) басқарушы компания пайларды сатып алуға өтінімді орындаған кезде басқарушы компанияның пайларды ұстаушыға ақша беру жөніндегі міндеттемесі қордың инвестициялық шотынан соманы сатып алуға өтінімде көрсетілген ұстаушының банктік деректемелеріне есептен шығарған жағдайда орындалды деп есептеледі. Сатып алуға өтінімде банктік деректемелері дұрыс көрсетілмеген жағдайда, қайта аудару банктердің қайта аудару үшін комиссиясының сомасын ұстап қалып, банктік деректемелерін нақтылайтын ұстаушының тиісті жазбаша өтінішін алғаннан кейін жүзеге асырылады.

10. Пайларды сатып алуға өтінімдерді қабылдаудан бас тартуға тек мынадай:

1) Қордың қағидаларында белгіленген өтінімдерді беру тәртібі мен талаптары сақталмаған;



2) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына және осы Қағидаларға сәйкес қордың пайларын сатып алуды тоқтата тұрған жағдайларда ғана жол беріледі.

№4-қосымша

«Standard-Еурооблигациялар» аралық инвестициялық пай қорының қағидаларына Жеке тұлғалар/заңды тұлғалар үшін №\_\_\_\_\_ пайларды сатып алуға өтінім

Қордың толық атауы

«Standard-Еурооблигациялар» аралық инвестициялық пай қоры  
БК-ның толық атауы«Standard инвестициялық компаниясы» АҚ

Өтінімнің қабылданған күні

Қордың пайларын ұстаушылар тізіліміндегі Өтініш берушінің дербес шотының нөмірі

Өтініш беруші

Тегі

Имя

Әкесінің аты

ЖСН

Жеке басын куәландыратын құжат

Атауы

Сериясы, нөмірі

Берген күні

Берген тұлға

Уәкілетті өкіл Жеке тұлға

Тегі

Имя

Әкесінің аты

Жеке басын куәландыратын құжат представителя

Атауы

Сериясы, нөмірі

Берген күні

Берген тұлға

Өкілеттігін растайтын құжат

Уәкілетті өкіл Заңды тұлға

Мемлекеттік тіркеу туралы куәлік

Нөмірі

Берген күні

Берген тұлға

Тегі

АтынанИмя

Әкесінің аты

Жеке басын куәландыратын құжатАтауы

Сериясы, нөмірі

Берген күні

Берген тұлға

Өкілеттігін растайтын құжат

Қордың пайларын \_\_\_\_\_ (жазбаша) дана мөлшерінде өтеуді сұраймын

Ақша аудару үшін өтініш берушінің банктік деректемелері:

Аушының банкі:

Қала:

БСК:

Бұл құжат ҚР 2003 жылдың 7 қаңтарындағы "Электронды құжат және электронды сандық қол қою" туралы заңның 7 бабы, 1 тармағына сәйкес қағаз бетіндегі заңмен тең.

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года N370-II "Об электронном документе и электронной цифровой подписи" равнозначен документу на бумажном носителе.





ЖСК:

Мақсаты: аты-жөні;

ЖСН, «Standard-Еурооблигациялар» АИПҚ-тың пайларын сатудан дербес шотқа

Өтініш берушінің / Уәкілетті өкілдің қолы

Өтінімді қабылдаған тұлғаның аты-жөні, қолы

## **2) Пайларды сатып алуды тоқтата тұру шарттары мен тәртібі**

1. Пайларды сатып алуды тоқтата тұрудың талаптары мен тәртібі:

1) қордың пайларын сатып алу уәкілетті органның нұсқамасы бойынша Қазақстан Республикасы заңнамасының немесе шарттық міндеттемелердің талаптарын қордың жұмыс істеуін қамтамасыз ететін адамдар немесе шығарылған (берілген) қор активтерінің құрамына кіретін қаржы құралдары адамдар бұзған немесе орындай алмаған жағдайларда тоқтатыла тұруы мүмкін;

2) қордың пайларын сатып алу басқарушы компанияның шешімі бойынша кез келген уақытта кез келген негіз бойынша тоқтатыла тұруы немесе тоқтатылуы да мүмкін. Бұл ретте сатып алуды тоқтата тұру мерзімі тоқтата тұру мән-жайларын негізге ала отырып басқарушы компанияның осындай шешімімен белгіленеді. Басқарушы компания бұл туралы уәкілетті органға осындай тоқтата тұрудың себептерін және оларды жою жөніндегі шараларды көрсете отырып сол күні жазбаша хабарлауға міндетті;

3) басқарушы компания басқарушы компанияның немесе кастодианның уәкілетті органның бағалы қағаздар нарығында кәсіптік қызметтің тиісті түрін жүзеге асыруға арналған лицензиясының қолданылуын тоқтата тұру немесе лицензияның қолданысы қайта басталған, басқа басқарушы компанияны, қордың басқа кастодианын тағайындаған немесе қордың жұмыс істеуі тоқтатылған күнге дейін лицензиясынан айыру туралы хабарламасын алған сәтте қордың пайларын сатып алуды тоқтата тұруға міндетті;

4) қордың пайларын сатып алуды тоқтата тұру туралы ақпарат қордың пайларын ұстаушыларға оны басқарушы компанияның корпоративтік интернет-ресурсында орналастыру арқылы жіберіледі және осы сәттен бастап басқарушы компанияның сатып алуға өтінімдері қабылданбайды.

5) Басқарушы компания орналастыру және (немесе) сатып алу басталған күні орналастыруды және (немесе) сатып алуды қайта бастау туралы уәкілетті органды хабардар етуге міндетті.

## **3) Басқарушы компания пайды сатып алған кезде оның есептік құнына жеңілдік қолдану шарттары мен есептеу тәртібі;**

1. Басқарушы компания пайды сатып алған кезде оны есептеу құнынан жеңілдікті қолдану талаптары мен есептеу тәртібі:

1) жеңілдік мөлшері мен оны есептеу тәртібін басқарушы компания айқындайды, бірақ пайдың есептеу құнының 1,5%-нан (бір бүтін оннан бес пайызынан) аспайды;

2) Қор пайларына иелік ету мерзімі қатарынан 12 (он екі) айдан асқан жағдайда жеңілдік қолданылмайды.



#### **4) Басқарушы компанияның инвестициялық пай қорының ережесіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу шарттары мен тәртібі;**

1. Басқарушы компания Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының нормалары сақталған жағдайда Қор қағидаларына біржақты тәртіппен өзгерістер мен толықтырулар енгізуге құқылы.
2. Қағидаларға өзгерістер мен толықтырулар уәкілетті органмен келісуге жатады.
3. Басқарушы компанияның, кастодианның немесе орталық депозитарийдің атауын, орналасқан жерін өзгертуге, оларды ауыстыруға (жаңаларын сайлауға, атауын, орналасқан жерін ауыстыруға) байланысты қор қағидаларына өзгерістер мен толықтырулар осындай өзгерістер мен толықтырулар қабылданған күннен бастап келесі жұмыс күні күшіне енеді және уәкілетті органмен келісуге жатпайды.
4. Қор пайларын бастапқы орналастыру кезеңінде қағидаларға тек басқарушы компанияның, кастодианның немесе орталық депозитарийдің атауын немесе орналасқан жерін өзгертуге, оларды ауыстыруға (жаңаларын сайлауға, атауын, орналасқан жерін өзгертуге), басқа кастодианмен немесе аудиторлық ұйыммен шарттар жасауға, сондай-ақ қордың пайларын орналастыру жөніндегі делдалдар тізбесін өзгертуге қатысты өзгерістер енгізілуі мүмкін.
5. Басқарушы компания осы ақпаратты басқарушы компанияның корпоративтік интернет-ресурсында жариялау, сондай-ақ басқарушы компанияның үй-жайларында өтінім беретін пай ұстаушыларды хабардар ету арқылы қордың пай ұстаушыларына қор қағидаларына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы хабарлауға міндетті.
6. Қор қағидаларына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы басқарушы компанияның корпоративтік интернет-ресурсында ақпаратты жариялау осы өзгерістер мен толықтырулар уәкілетті органмен келісілгеннен кейін жүзеге асырылады.
7. Инвестициялық пай қорының қағидаларына өзгерістер және (немесе) толықтырулар осы ақпарат басқарушы компанияның корпоративтік интернет-ресурсында жарияланғаннан немесе оларды барлық пай ұстаушылар алғаннан кейін күнтізбелік 30 (отыз) күн өткен соң күшіне енеді.

#### **5) Пай ұстаушылардың тапсырысы бойынша пайларды сол басқарушы компанияның сенімгерлік басқаруындағы басқа ашық немесе аралық инвестициялық пай қорының пайларына айырбастау шарттары, қордың басқарушы компаниясының және кастодианының, сондай-ақ орталық депозитарийдің пайларды айырбастау рәсімін жүргізу шарттары мен тәртібі;**

1. Басқарушы компанияның басқаруындағы басқа ашық немесе аралық пай қорларының пайларына пайларды айырбастау көзделмеген.

#### **б) «Инвестициялық және венчурлік қорлар туралы» Қазақстан Республикасының Заңында және инвестициялық пай қорының қағидаларында белгіленген тәртіппен инвестициялық пай қоры туралы ақпарат жарияланатын бұқаралық ақпарат құралдары туралы мәліметтер**

Қор туралы ақпарат жарияланатын бұқаралық ақпарат құралы (корпоративтік интернет-ресурс [www.stdi.kz](http://www.stdi.kz)) - ЗАҢ газеті - Юридическая газета мерзімді басылымы ([www.zangazet.kz](http://www.zangazet.kz)).

### **25. Жабық инвестициялық пай қорларының ережесінде осы баптың 1-тармағында көзделген мәліметтерден басқа:**

#### **1) Пайлар бойынша дивидендтер есептеу, төлеу шарттары мен тәртібі**

Бұл құжат ҚР 2003 жылдың 7 қаңтарындағы "Электронды құжат және электронды сандық қол қою" туралы заңның 7 бабы, 1 тармағына сәйкес қағаз бетіндегі заңмен тең.


Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года N370-II "Об электронном документе и электронной цифровой подписи" равнозначен документу на бумажном носителе.



**2) Инвестициялық пай қорының пайларын ұстаушылардың жалпы жиналысын шақыру және өткізу шарттары, мерзімдері мен тәртібі, жалпы жиналыстың күн тәртібін, кворумын, жалпы жиналысқа өкілдікті анықтау тәртібі, дауыс беру, дауыстарды санау, жалпы жиналыстың хаттамасын ресімдеу тәртібі болуға тиіс**

**Қор жабық болып табылмайды**

**Уәкілетті тұлға:**



(электрондық цифрлық қолтаңба)

**СУЛЕЙМЕНОВА АСЕЛЬ  
БАКЫТОВНА**  
(тегі, инициалдары)

Бұл құжат ҚР 2003 жылдың 7 қаңтарындағы "Электронды құжат және электронды сандық қол қою" туралы заңның 7 бабы, 1 тармағына сәйкес қағаз бетіндегі заңмен тең.

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года N370-II "Об электронном документе и электронной цифровой подписи" равнозначен документу на бумажном носителе.

